БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 175 (9493) | 1954 жылғы 3 Сентябрь Жұма | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ССРО АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНДЕ (1-бет).
ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАСҚАРМАСЫ МЕН СОВХОЗДАР ТРЕСІНДЕ (1-бет).
ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАСҚАРМАСЫНДА (1-бет).
ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: **З. Қаскеев.** —Үгіт пункті. **Т. Дүйсенбеков.** —Коммунистер астық үшін күресте (2-бет).
М. Гардберг. —Жабайы астық кептіргіштер жасаудың жолдары (2-бет).
Біздің даңқты заманымызға лайықты шығармалар жасайық (2-бет).
БАРЛЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ҮШТАСТЫРА ЖҮРГІЗЕЙІК. **Т. Жақсылықов.** —Егін жыйнау қарқынды жүргізілуде (3-бет).
М. Правдин. —Львов эстрада ансамблінің гастролі қарсаңында (3-бет).
Ж. Қыйрабаев. —Мәдени- ағарту қызметкерлерінің семинары (3-бет).
А. Щербаков. —Балаларды тәрбиелеу және оқыту сапасын арттыра берейік (3-бет).
Ә. Сүлейменов. —Алғашқы қоңырау (3-бет).
Село физкультурашыларының бүкілқазақстандық III спартакиадасы (4-бет).
Ж. Мұқанов. —Футболшылар жарысы (4-бет).
Францияның ұлттық жыйналысы «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды қабылдамай қойды (4-бет).

Егін жыйнау мен астық дайындауға нақтылы басшылық жасалсын

Өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда облысымызда егін жыйнау, мемлекетке міндетті астық тапсыру, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу және мемлекетке астық сату жұмыстарының қарқыны жейілше баяу. Демек, облыста бірінші сентябрьге дейін егін жыйнау жоспары небары 24,6 процент ғана орындалды. Ал, өткен жылы бұл мерзімде егін жыйнау жоспары 44,4 процент орындалған еді. Мемлекетке міндетті астық тапсыру және астық сату, сондай-ақ, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жұмыстарының да барысы қанағаттанғысыз. Бұл жұмыстардан август айындағы соңғы бескүндік тапсырма 17 процент ғана орындалды. Мұның өзі мүлдем төзгісіз жағдай.

Колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың, әсресе үстіміздегі жылы техника қуатыжен жабдықталғандығына қарағанда, олардағы басқа да күш-мүмкіншіліктерді есептегенде егін жыйнау мен астық дайындауды өткен жылғыдан анағұрлым қызу қарқынмен жүргізуге мүмкіншілік бар еді. Амал не, облыстық ауылшаруашылық басқармасының (бастығы Коробов жолдас), облыстық совхоздар тресінің (директоры Зенченко жолдас), дайындау министрлігінің Солтүстік Қазақстан облыстық мекемесінің (уәкілі Махначев жолдас), облыстық астық дайындау мекемесінің (басқарушысы Букат жолдас) және бұлардың аудандық орындары басшыларының іске оперативті, нақтылы басшылық жасай алмауының салдарынан қолда бар мүмкіншіліктер сарқа пайдаланылмай келеді.

Облыста егін жыйнауда, астық дайындауда алдыңғы қатарлы комбайншылар, шоферлар, колхозшылар аз емес. Мәселен, Петропавл МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Х. Шварц, Сартомар МТС-нің комбайншысы И. Ильяшенко, Чистов астық совхозының комбайншысы Ф. Лысенко, Киров атындағы астық совхозының комбайншылары П. Богинский мен А. Рыжик және басқа да көп жолдастар сменалық тапсырмаларын үнемі біржарым есеге дейін орындап, еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп келеді. Бірақ, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың басшылары, жергілікті партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдары бұлар сияқты озаттардың іс тәжірибелерін кеңінен насихаттап, оларды көпшіліктің игілігіне айналдыра алмай артта қалғанрудың қарқыны өте-мөте баяу дейік. Мұның себебі, ең алдымен қырмандарда еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауы, қабылдау пункттеріне астықтың тез жөнелтілмеуі, ол пункттердің астық қабылдауды тез жүргізбеуі болса, екіншіден бұл жұмыстардың барысына колхоз, МТС, совхоз, астық дайындау мекемелері басшыларының тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі болып отыр. Осындай себептермен Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың қырманында 4 мың центнерден астам астық, Абай атындағы колхоздың тек бір бригадасындағы қырманда 1000 центнерден астам астық жатыр. Мамлют ауданындағы «Заря коммунизма», Ворошилов атындағы колхоздардың қырмандарында да мыңдаған центнер астық тау-төбе болып үйілген. Бұл астықтар кезінде тазартылып, қабылдау пункттеріне жөнелтілмегендіктен бүліне бастаған.

Мемлекетке астық тапсыруды қызу қарқынмен жүргізуде элеваторларға, қабылдау пункттеріне зор міндеттер жүктеледі. Олар колхоздардан, совхоздардан келген астықты дереу қабылдауға, астық тасушыларды бөгелтпеуге тиіс. Ал, кейбір элеваторлардың қызметкерлері өздерінің бұл міндеттерін орындай алмай келеді. Мәселен, Булаев элеваторында колхоздардан астық тасыған жүк автомашиналарының 5-6 сағатқа дейін болмашы себептермен кезек күтіп тұру фактілері болған. Астық тасыған машиналардың кезек күтіп тұру фактілері Петропавл, Қызылы элеваторлары мен Смирнов қабылдау пункттерінде де бар. Элеваторлардағы, қабылдау пункттеріндегі осындай кемшіліктердің болып отырғандығына қарамастан, облыстық астық дайындау мекемесінің басшылары оларды жою жөнінде әлі күнге нақтылы басшылық жасай алмай келеді.

Астық дайындауда артта қалып отырған участоктің бірі МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу. Бұл жөнінде, әсресе Майбалық, Вильямс атындағы МТС-тердің қамтуындағы колхоздарды атап айту керек. Бұл МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеуге жете назар аударылмаған. Ал, МТС басшыларының өздері де бұл жұмысқа басшылық етуді қамтамасыз етпеген.

Егін жыйнау мен астық дайындау енді жеңешеуілдетуді көтермейді. Ауа райының жақсаруын күтіп, бұл жұмыстардың қарқынын бәсеңдету әрі зиянды, әрі мем-

ССРО ауыл шаруашылығы Министрлігінде

Облыстың Вильямс атындағы, Пушкин атындағы, Майбалық және Асанов МТС-тері басшы қызметкерлерінің МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарын мерзімінде орындауға жауапсыз қарауы туралы

ССРО Ауыл шаруашылығы министрі И. А. Бенедиктов жолдас Солтүстік Қазақстан облысы колхоздарының МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарын орындауларын жергілікті жерде қарап, Вильямс атындағы, Пушкин атындағы, Майбалық және Асанов МТС-терінің қамтуындағы колхоздар МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу счетына астық тапсырудың қанағаттанғысыз жүргізіп отырғанын атап көрсетті.

Вильямс атындағы МТС-тің директоры Фарафонов, Майбалық МТС-нің директоры Соколов, Пушкин атындағы МТС-тің директоры Федько және Асанов МТС-нің директоры Снижко жолдастар МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу счетына астық өткізу жоспарын мерзімінде орындауға тиісті шаралар қолданбады. Осының салдарынан МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеудің жоспары 1954 жылдың 1 сентябріне дейін Вильямс атындағы МТС бойынша 5,7 процент, Майбалық МТС — бойынша —6, 4 процент, Пушкин атындағы МТС бойынша —12,5 процент және Асанов МТС-і бойынша —16,3 процент ғана орындалған.

Үстіміздегі жылы облыс МТС-тері көптеген техника, құрал, жанар, жағар майларын алды, оларды маман кадрлармен толықтыру жөнінде де едәуір көмек көрсетілді. Мұның барлығы МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеудің жоспарын мерзімінде орындауды ұйымдастыруға барлық қажетті жағдайларды туғызды.

Бірақ, жекелеген МТС директорларының, бас агрономдар мен мамандарының, әсресе, Вильямс атындағы, Пушкин атындағы, Майбалық және Асанов МТС-тері басшыларының нашар бақылауының салдарынан олардың қамтуындағы колхоздарда МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарының қанағаттанғысыз орындалып отырғаны шынында МТС директорларының, бас агрономдар мен басқа да мамандарының өз міндеттеріне жауапсыз қарап, мемлекетке жат көзқараста екендіктерін көрсетеді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқарғаны үшін ССРО Ауыл шаруашылығы министрі И. А. Бенедиктов жолдас өзінің бұйрығы бойынша Вильямс атындағы МТС-тің директоры С. Н. Фарафоновты, Майбалық МТС-нің директоры К. М. Соколовты директорлық қызметінен босатты, Пушкин атындағы МТС-тің директоры Л. М. Федько жолдасқа ескертумен бірге қатаң сөгіс жариялады.

Сол сияқты, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарын мерзімінде орындауға жауапсыз қарағаны, бұл жөніндегі жоспардың орындалуына бақылау жасамағаны және МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеуді ұйымдастыру ісін бетімен жібергені үшін Асанов МТС-нің бухгалтері А. П. Дивеев жолдасты бұйрық бойынша қызметінен босатты.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрі И. А. Бенедиктов жолдас Пушкин атындағы МТС-тің директоры мен бас агрономына сол сияқты, Вильямс атындағы, Майбалық, Асанов МТС-терінің бас агрономдарына егер олар МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жөніндегі белгіленген жоспарды орындауға барлық қажетті шараларды қолданбаса, қызметтерінен босатылып, жауапқа тартылатынын ескертті. МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеудің белгіленген жоспарын орындау, МТС-тердің барлық қызметкерлерінің маңызды мемлекеттік міндеті екенін ескеріп, ССРО Ауыл шаруашылығы министрі И. А. Бенедиктов жолдас облыс МТС -терінің директорлары мен бас агрономдарын колхоздарға счеттарды мерзімінде тапсыруына қосымша шаралар қолдануға, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеудің белгіленген жоспарын орындауды қамтамасыз етуге, колхоздарда жұмыс істейтін МТС мамандарының талантары мен жауапкершіліктерін арттыруға таяудағы күндерде мамандардың жұмысын және МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарын орындау ісіне олардың қатысуын тексеруге, бұл жұмыстарда бейғамдық жасағандарды қызметінен босатуға дейін қатаң жазалар қолдануға міндеттеді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқар-

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында

Астық тасуға қатыстырылған жүк автомашиналары шоферларына еңбекақы төлеу туралы

Астық тасуға қатыстырылған жүк автомашиналарын пайдалану ісін жақсарта түсу мақсатында ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісе отырып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бұйрығы бойынша астық тасуда жүрген шоферлардың еңбегіне ақы төлеу тәртібін белгіледі.

МТС шоферларына ақы төлеудің бұрынғы ережелері астық тасуға қатыстырылған жүк автомашиналарының шоферларына да қолданылады. Астық тасуға қатыстырылған шоферлар үшін тонна-километр есебімен сменалық норма белгіленді. Норманы орындауына қарай шоферлар өздерінің негізгі жұмыс орындарынан еңбекақыны мына мөлшерде алады:

Километр есебімен қашықтық	Тонна- километр бойынша сменалық норма және әрбір тонна -километрге тыйын есебімен төленетін ақы									
	1,5 т. авт.		2 т. авт.		2,5 т. авт.		3 т. авт.		4 т. авт.	
	Норма	ақы	Норма	ақы	Норма	ақы	Норма	ақы	Норма	ақы
1 км. дейін	22	77	25	67,5	29	65,5	34	56	109	17,5
2 км. дейін	80	56	35	47,8	40	47,8	46	42	109	17,5
2 км. ден 5 км. дейін	55	30,7	75	22,7	85	22,4	90	21,3	109	17,5
6 км. ден 10 км. дейін	80	21,2	95	17,8	115	10,6	140	13,6	160	11,9
11 км. ден 15 км. дейін	95	17,8	115	14,6	135	14,1	165	11,5	195	9,8
16 км-ден 20 км. дейін	105	16,1	125	13,6	150	12,7	180	10,6	215	8,9
21 км-ден 30 км. дейін	110	15,5	130	12,9	160	11,9	195	9,8	234	8,2
31 км-ден 40 км. дейін	115	14,8	160	12,1	168	11,6	210	9,1	250	7,6
41 км- ден 50 км. дейін	125	13,6	150	12,2	175	10,9	215	8,8	260	7,3
51 км-ден жоғары	130	13,1	160	10,6	180	10,6	220	8,6	266	7,2

Комбайннан қырманға, немесе, мемлекеттік дайындау пункттеріне, сондай-ақ, колхоздың қырмандарынан «Заготзерно» пункттеріне астық тасуда белгіленген сменалық нормалардан тыс істеген жұмысы үшін шоферларға еңбекақыны олардың жұмыс істеп жүрген МТС-і төлейді.

Астық тасуға қатыстырылған жүк автомашиналарының шоферларына сменалық нормаларын асыра орындағаны үшін (жұмыс істеген уақыт мөлшеріне қарамастан) әрбір нормадан артық орындалған тонна-километріне еңбекақы кесімді-прогрессивтік система бойынша төмендегі мөлшерде есептеледі.

а) сменалық норманы 25 процентке дейін асыра орындағанда

	Әрбір 1 тонна-километр үшін тыйын есебімен төленетін ақы				
	1,5 тон автомаш.	2 тон. автомаш.	2,5 тон. автомаш.	3 тон. автомаш.	4 тон. автомаш

дарды оқаттардың қатарына теңеу үшін социалистік жарысты өрістете алмай келеді. Міне, бұл егін жыйнау мен астық дайындаудың кешіргісіз ұзаққа созылуына негізгі бір себеп болып отыр.

Көзір егін жыйнау мен астық дайындаудың шешуші кезеңі туды. Барлық аудандарда егін, әсресе дәнді дақылдар пісін, жетілді. Жекелеген аудандарда сабақта тұрған дәннің қайтадан өріп, көктей бастау фактілері де бар. Мұның өзі егін жыйнауды енді кешіктіруге болмайды деген сөз. Солай бола тұрса да, Полудень, Мамлют, Соколов, Совет аудандарының бірсыпыра колхоздары «егін әлі пісін, жетілген жоқ» деген желеуді бетке ұстап, егін жыйнау мен астық дайындауды кеш бастап, баяу жүргізуде. Осының салдарынан бұл аудандарда бірінші сентябрьге дейін егін жыйнау 15—20,9 процентке, мемлекетке астық тапсыру 11,1—19,6 процентке дейін ғана орындаған.

Интернационал, Чапаев атындағы Майбалық, Вильямс атындағы, Торанғұл МТС-терінде комбайндардың қуаты егін жыйнауға мейлінше өнімсіз пайдаланылады. Көп комбайндар сапасыз жөнделгендіктен және техникалық күтімнің нашарлығынан жиі тоқтап қала береді. Мамлют ауданындағы «Заря коммунизма» колхозын Интернационал МТС-і қамтыйды. МТС бұл колхозға 3 комбайн бөлген. Егер осы комбайндар тоқтаусыз жүргізілім, тиімді пайдаланылса, колхоз егін жыйнауды аяқтағанда болар еді. Не пайда, комбайндар техникалық жарамсыздықтан жиі-жиі тоқтай береді, оның үстіне комбайншылар жұмысты кеш бастап, ерте аяқтайды. Әрине, мұндай жағдайда еңбек өнімділігін арттыру мүмкін емес.

Жоғарыда мемлекетке астық тапсы-

[illegible]

былады. Жергілікті партия, совет ұйымдары ауа райының жақсаруын күтіп егін жыйнау қарқынын бәсеңдетушілерге қарсы аяусыз күрес жүргізіп, мұндай теріс пікірлердің орын алуын үзілді-кесілді жоюлары керек.

Егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарына техника қуатын өнімді пайдалану, адамдарды жеткілікті болу егін даласында, қырмандарда, элеваторлар мен астық қабылдау пунктерінде еңбекті дұрыс ұйымдастыру—бүгін таңдағы басты міндет. Бұл міндеттерді мінсіз жүзеге асыру үшін жергілікті партия, совет ұйымдары мен шаруашылық орындарының басшылары колхоздарға, МТС-терге, совхоздарға өзінің басшылығын жақсартып, егін жыйнау мен астық дайындауды қысқа мерзімде аяқтап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістете білулері керек. Егін жыйнау мен астық дайындауды мемлекет тағайындаған мерзімде аброймен орындап шығу күресіне қала, аудан орталықтарының еңбекшілері де келелі үлес қосуға тиіс. Демек, қалалық, аудандық партия комитеттері мен Совет атқомдері және басқа да мекемелер еңбекшілерді ұйымдасқан түрде колхоздарға көмекке жіберу, тиісті мөлшерде жүк автомашиналарын бөлу, демалыс күндері жексенбіліктер ұйымдастыру мәселесіне ерекше назар аударулары керек. Бұл сыяқты, маусымды және көлемді жұмыс тек бүкіл еңбекшілер белсене қатысқанда ғана табысты орындалады. Сондықтан бұл іске колхоз, МТС, совхоздардағы мүмкіншіліктер ғана емес, сонымен қатар, қала, аудан орталықтарындағы күш-мүмкіншіліктер де сарқа пайдаланылуы қажет.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен совхоздар тресінде

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен совхоздар тресінің ұсынуы бойынша Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің Бас Комитеті үстіміздегі жылғы егін жыйнауда жоғары көрсеткіштерге жеткіскен мына комбайншыларды 1954 жылы көрмеге қатысуға бекітті:

Баян МТС-нің комбайншысы Асадулаев Әлиакпар Тарапиұлы «Сталинец-6» комбайнымен орта есеппен тәулігіне 23,3 гектардан егін жыйнап, күн сайын 250-300 центнер астық бастырғаны үшін;

Сартомар МТС-нің комбайншысы Ильяшенко Николай Ефимович тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен орта есеппен тәулігіне 35 гектардан егін жыйнап, күн сайын 450-500 центнер астық бастырғаны үшін;

Петропавл МТС-нің комбайншысы Шварц Христан Федорович тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен орта есеппен тәулігіне 34,5 гектардан егін жыйнап, күн сайын 250-300 центнер астық бастырғаны үшін;

Чистов астық совхозының комбайншысы Лысенко Федор Петрович тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен орта есеппен тәулігіне 50 гектардан егін жыйнап, күн сайын 600 центнер астық бастырғаны үшін;

Киров атындағы астық совхозының комбайншылары Богинский Павел Антонович пен Рыжик Антон Иванович тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен орта есеппен тәулігіне 46-47 гектар егін жыйнап, күн сайын 450 центнер астық бастырғаны үшін;

Приишім совхозының комбайншысы Балка Василий Иванович тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен орта есеппен тәулігіне 40 гектардан егін жыйнап, күн сайын 450 центнер астық бастырғаны үшін.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен совхоздар тресі Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің Бас Комитетіне жоғарыдағы комбайншыларды ұсынумен бірге, оларды Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі медальдарымен наградтауын өтінді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен совхоздар тресі Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің Бас Комитетінің үстіміздегі жылы көрмеге қатысушылар етіп бекітуіне ұсыну үшін егін жыйнауда және астық тапсыруда ұдайы үздік көрсеткіштерге ие болып келе жатқан комбайншыларды, тракторшыларды, шоферларды іріктеп алуды әлі де жүргізуде.

[illegible]

масы және оның [illegible] дас МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарының орындалуына нашар басшылық жасайды. МТС басшыларына қатаң талап қойып отырмайды, олардың МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарын мерзімінде орындамауына төзімдік жасайды.

МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарын орындауға жауапсыз қа-

[illegible]

дасқа облыс МТС-терінде МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеуге мүлдем қанағаттанғысыз басшылық жасап отырғаны атап көрсетілді, ауылшаруашылық дақылдарының барлық түрлері бойынша МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеудің мемлекеттік жоспары сөзсіз орындалуына оның жеке жауап берстіндігі туралы ескертілді.

№ 24 БРИГАДАДА

...Тракторларды жөндеу жұмысы аяқталған кезде Преснов МТС-інде тың және тыңайған жерлерді игеруге келген комсомол- жастардан төрт жаңа трактор бригадасы құрылды. № 24 трактор бригадасының бригадирі болып Николай Заам жолдас тағайындалды. Бұл бригада мүшелерінің көпшілігі комсомолдық жолдамамен келгендер.

№ 24 бригада «Прибой» колхозының егіс даласында жұмысқа шығар алдында мұндағы жас механизаторлар өздеріне көтерілгі міндеттемелер алды. Олардың әрқайсысы «ДТ-54» тракторымен жұмсақ жерге айналдырғанда 800 гектар жер жұмыстауға және 5 процент жанармай үнемдеуге міндеттенді.

Жастар бригадасы көктемгі егістің алғашқы күндерінен бастап, машина қуатын жақсы пайдалана білетіндігін көрсетті. Көктемде көтерілуге тиіс жоспарлы 450 гектар тың орнына, бригада 10 күн ішінде 500 гектар жер жыртып, жұмысты күшілгері аяқтады.

Бригада пар жырту жоспарын да асыра орындап, 2100 гектар орнына, 2791 гектар пар жыртты.

Бригада жастары СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің астық өндірісін арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру туралы қаулысын зор белсенділікпен қарсы алды.

Бригада бойынша тракторшылар Ромашков, Черкашин жолдастар алда келеді. Ромашко жолдас «ДТ-54» тракторымен жұмсақ жерге айналдырғанда 1223 гектар, ал, Черкашин жолдас 1068 гектар жер жұмыстады. Быйылғы жылы бригада 5 мың сомның жанар майын үнемдеді.

М. НАЗАРИН.

1 километрге дейін	[illegible]	59,8	59,8	52,5	21,9
2 километрге дейін	70	28,4	28	26,6	21,9
5 километрге дейін	26,4	22,3	20,8	17	14,9
6 км-ден 10 км. дейін	26,5	18,3	17,6	14,4	12,3
11 км-ден 15 км. дейін	22,3	17	15,9	13,9	11,1
16 км-ден 26 км. дейін	20,1	16,1	14,9	12,3	10,3
21 км-ден 30 км. дейін	19,4	15,1	14,5	11,4	9,5
31 км-ден 40 км. дейін	18,5	14	13,6	11	9,1
41 км-ден 50 км. дейін	17	12,8	13,3	10,8	9
51 км-ден жоғары	16,4				

б) сменалық норманы 25 проценттен жоғары асыра орындағанда

Қашықтық	Әрбір 1 тонна-километр үшін тыйын есебімен төленетін ақы				
	1,5 тон. автомаш.	2 тон. автомаш.	2,5 тон. автомаш.	3 тон. автомаш.	4 тон. автомаш
1 километрге дейін	115,5	101,3	98,3	84	26,3
2 километрге дейін	84	71,7	71,7	63	26,3
5 километрге дейін	46	34	33,6	32	26,3
6 км-ден 10 км. дейін	31,8	26,7	24,9	20,4	17,9
11 км-ден 15 км. дейін	26,7	21,9	21,2	17,3	14,7
16 км-ден 20 км. дейін	24,2	20,4	19	15,9	13,4
21 км-ден 30 км. дейін	28,8	19,4	17,9	14,7	12,3
31 км-ден 40 км. дейін	22,2	18,2	17,4	13,7	11,4
41 км-ден 50 км. дейін	20,4	16,8	16,4	13,2	9,5
51 км-ден жоғары	19,7	15,9	15,9	13,9	8

Осы бұйрыққа байланысты МТС-тердің директорлары мен бас бухгалтерлері әрбір бес күн сайын шоферларға ақы төлеп тұруға міндетті.

Мол табысты шаруашылық

Облысымыздың озат қой өсірушілері Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне жасаған қамқорлығына сүйене отырып, қой шаруашылығын онан әрі өркендету жолында аянбай еңбектенуде.

Булаев ауданы, «Красное знамя» колхозындағы асыл тұқымды мал фермасында шопан Ефименко жолдастың басқаруымен өткен жылы қой өсірудің мемлекеттік жоспары 115 процент орындалды. Мұнда фермадағы малға бір жыл ішінде ғана 840 бас қосылды. Қойдың күтімін жақсарту және алтайдың асыл тұқымды қойларымен колдан ұрықтандыру арқылы қой тұқымы асылдандырылды. Әрбір қойдан қырқылған жүннің мөлшері елеулі артты. Биязы жүн өткен жылғыдан 2,5 есе артық алынды. Мемлекетке жүн тапсырудан түскен кіріс 180 мың сомға жетті. Сөйтіп, «Красное знамя» колхозы қой шаруашылығынан түскен кіріс жөнінде кәзір облыс бойынша барлық колхоздардың алды болып келеді.

Сондай- ақ, Конюхов ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында быйылғы жылы қой 496 бас көбейді, алынған жүннен түскен кіріс өткен жылғыдан 2,4 есе артты. Колхоз мемлекетке жүн өткізудің өзінен ғана 83800 сом табыс алды. Бұл өткен жылғы осы шаруашылықтан түскен кірістен үш есе көп.

Қой қоздату, оларды бағып өсіру ісінде «Путь Ленина» (Конюхов ауданы), «Жизнь» (Преснов ауданы) колхоздары да үлгілі көрсеткіштерге ие болып келеді. «Путь Ленина» колхозының шопаны Степанов жолдас өзіне бекітіліп берілген 367 аналық қойдан 430 қозы алып, аман өсірді. Бұл әрбір 100 қойдан 117 қозы алды деген сөз. «Жизнь» колхозының шопандары 1065 аналық қойдан 1228 қозы алып, оларды аман өсірді. Колхоз қой өсіру жоспарын 102,6 есе етіп асыра орындады.

Чистяк МТС-сі қамтуындағы колхоздар қозы алу жоспарын 121 процент және қой өсірудің жылдық жоспарын 110,2 процент етіп асыра орындады. Қойлардан алынған жүннің сапалылығы да жақсарды. 1954 жылы мұнда әр бас қойдан алынған жүн өткен жылғымен салыстырғанда 740 грамм асты.

Озат колхоздардың осындай бай тәжрибелері қой шаруашылығын өркендетудің зор мүмкіншіліктері бар екенін анықтап отыр. Алайда, облыс колхоздарының көпшілігі әлі де озат тәжрибелерді игере алмай, жыл сайын мал өліміне жол беріп, мал өсіру жоспарын орындай алмай келеді. Көптеген колхоздарда саулықтардың қысыр қалуы және қырқылған жүн көрсеткішінің өте төмен болып келуі әлі де жиі кездеседі.

Совет ауданындағы «Красное поле», Октябрь ауданындағы Ленин атындағы колхоздарда соңғы жылдары қой шығыны көп болып жүр. Қой шаруашылығы саласынан түсетін кіріс быйыл былтырғы жылғыдан да азайған. Бұл колхоздарда әрбір қойдан 800 грамнан ғана жүн алынды. Қой шаруашылығы саласында істің мұнша төменден кету себебі МТС, колхоз басшыларының және ауыл шаруашылығы мамандарының бұл іске немқұрайды қарауынан болып отыр. Жағдай Преснов ауданының Абай атындағы колхозында да осындай. Бұл колхозда өткен жылы қойлар лас қорада қыстады. Осындай санитарлық ережелер сақталмауы және күтімнің нашар болуы салдарынан саулықтардың жарым- жартысы қысыр қалды. Қырқылған жүннің сапасы да, мөлшері де кеміді. Мұндай кемшіліктерді жою үшін, не колхоз басқармасы, не Баян МТС-нің мамандары ешқандай шара қолданбай отыр.

Қой өсіру жұмысындағы кемшіліктерді жою ісін қой тұқымын асылдандырудан бастау керек. Қойды колдан ұрықтандыру біріншіден, олардың қысыр қалмауын қамтамасыз етсе, екіншіден, қой қоздатудың жоспарлы түрде жүргізілуіне жағдай туғызады.

Соңғы жылдары облыс колхоздарында Алтай, Ставрополь тағы басқа етті, жүнді көп беретін тұқымды биязы жүнді қойлар көптеп өсірілуде. Олар біздің облысымыздың ауа райы жағдайына жақсы көндігіп, 7—10 килограмға дейін жүн беріп жүр. Булаев ауданы, «Красное знамя» колхозында Алтай тұқымдас № 258 қой осы жылы 9,6 килограмм жүн берді. Ал, Петропавл ауданы, Сталин атындағы колхозда асканий тұқымдас 1948 жылы туған № 885 қойдан быйыл 9,5 килограмм жүн алынды. Оның тірідей салмағы 87 килограмм.

Колхоздың қой фермалары барлық жоғары өнімді тұқымдық қошқарларды қой тұқымын асылдандыруға дұрыс пайдалануды біріншi міндет деп ұғулары қажет. Мұнда асыл тұқымды қошқарлардың ұрығымен саулықтарды колдан ұрықтандыруды ұйымдастырудың маңызы зор.

Амал қанша, көптеген колхоздар мал тұқымын асылдандыру мәселесіне мүлде көңіл бөлмейді. Бірсыпыра қой фермаларында қошқарлар аналық малдармен бірге бағылып жүр. Саулық қойлар жыл бойы тұқымдық емес (жартылай биязы, кейде қылшық жүнді) қошқарлармен бірге бағылады. Мұның өзі қойдың тұқымдық сапасының төмендеуіне, саулықтардың қысыр қалуына әкеліп соқтырады.

Август, сентябрь және октябрь айларында өткізілген ерте мерзімді колдан ұрықтандырудың пайдасы зор. Осы жылдан бастан барлық колхоздар қойларды ерте мерзімде колдан ұрықтандыруға көшіп, күз және қыс қоздаған қойларды жылы қора, құнарлы азықпен қамтамасыз етуге осы бастан қам жасаулары керек.

Бұл жөнінде Булаев және Конюхов аудандарының колхоздары бастамалы инициатива көтерді. Олар қойларды колдан ұрықтандыру науқанын август айынан бастап, 10 октябрьде аяқтауды көздеп отыр.

МТС-тердің мал шаруашылығы мамандары колхоздың қой фермаларын тұрақты кадрлармен қамтамасыз етуге үздіксіз көмек көрсетіп отырулары қажет. Қой шаруашылығы барлық колхоздарда да шаруашылықтың жоғары өнімді, мол табысты саласы дәрежесіне көтерілуі тиіс.

В. ГМЫЗИН,
Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Үгіт пункті

Петропавл элеваторының орамында үгіт пункті орналасқан. Кіре берісте есіктің маңдайшасына алқызыл матаға әдемі әріптермен «Хош келдіңіздер» деп жазылған сөздер анадайдан көз тартады. Үгіт пункті астық тапсырушылардың рухани тілегіне сай жабдықталған. Оның залындағы ұзыннан ұзақ қойылып, қызыл шұғалармен жабылған стол үсті орталық, республикалық, облыстық газеттердің соңғы номерлеріне, журналдарға, кітаптар мен кітапшаларға толы. Үй қабырғаларына партия мен үкімет басшыларының портреттері, мазмұнды плакаттар мен ұрандар ілінген. Сол сияқты, элеватор партия және кәсіподақ ұйымдарының «Астық майданында» деген қабырға газеті, жауынгерлік листоктар бар.

Бұл үгіт үйі бұқаралық -саяси жұмыстарының шын мәнісіндегі орталығына айналған. Егін орағы, мемлекетке астық тапсыру науқаны басталғаннан бері облысымыздың жүздеген астық тапсырушылары үгіт пунктінде бірнеше рет лекция, баяндамалар тыңдап, ойын-сауық кештерінде болды. Мысалы, ҚКП қалалық комитетінің лекторлары Воинова жолдас «Социализмнен коммунизмге бірте- бірте өту», Мицуков жолдас «Халықаралық жағдай туралы» лекциялар оқыды.

Үгіт пунктінің меңгерушісі коммунист Антонина Кислицина үгіт жұмысын мазмұнды ұйымдастырады. Коммунистер мен комсомолдардан үгіт пунктінде газет оқуға, әңгіме өткізуге тәжрибесі мол, саяси сауатты адамдар бөлінген. Олардың барлығы да саяси жұмысқа белсене қатысуда. Үгіт пункті тәулік бойы жұмыс істейді.

Соңғы кезде үгіт пунктінде астық тапсырушылар мен элеватор жұмысшылары үшін «Т. С. Мальцевтің әдісін қолдану», «Озат тәжрибе мектебі», СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің «Астық өндірісін арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру туралы» қаулысы жөнінде, «ССРО халық шаруашылығы өркендеуде» деген тақырыптарда әңгімелер өткізілді.

Апта сайын үгітшілер оқу залына жиналып, озат тәжрибе ауысады, астық тапсушылар мен жұмысшылар арасында келесі күндері өткізетін әңгімелеріне бағыт алады. Мұның барлығы элеватор бастауыш партия ұйымының (секретары Камаев жолдас) басқаруымен жүргізіледі.

Қалалық № 2 кітапхана үгіт пунктін қамқорлыққа алған. Кітапхана қызметкері Вера Александровна Орлова үгіт пунктіне үнемі жаңа кітаптар, журналдар әкеліп тұрады.

Үгіт коллективіндегі 15 адамның басым көпшілігінің саяси жұмыстан тәжрибелері мол. Тәжрибелі үгітшілер жас үгітшілердің әңгіме өткізуіне үнемі көмек көрсетіп отырады. Әңгіме өткізуде, газет оқуда, әсресе, үгітші комсомол мүшелері Лида Осипович, Галя Кудря жолдастар басқаларға үлгі боларлықтай. Мәселен, Осипович жолдас астық тапсырушылар мен лаборанттарды үнемі жаңалық хабарлармен таныстырып отырады және олардың алдында тұрған міндеттерді түсіндіреді. Сол сияқты, Кудря жолдас та астық тапсырушылар мен күн сайын

Коммунистер астық үшін күресте

Колхоз мемлекетке 120 мың пут астық сатады

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысының ағы нәтижесін колхозшы шаруалар кәзірдің өзінде өз өмірінен айқын көруде. Былыл колхоз 6195 гектар дәнді дақылдар егіп, бітік егін өсірді. Егіс көлемі көктемде тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен 2 мың гектар ұлғайды.

Колхозшы шаруалар мен МТС механизаторларының еңбінен мол өнім алу жөніндегі қажырлы еңбектері босқа кеткен жоқ. Колхоз дәнді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 16 центнерден, 500 гектардан 18 центнерден, ал Қаратал участогіндегі бидайдың әрбір гектарынан 25 центнерден өнім жыйнауда. Бітік егін колхозшы шаруаларды қажырлы-еңбекке, астық үшін күреске бұрынғыдан да жігерлендірді. Өйткені, колхоз быйылдың өзінде ғана егін шаруашылығынан 2 миллион 400 мың сом табыс алып, озат шаруашылықтардың қатарына қосылғалы отыр.

Астық үшін күресте колхоз коммунистері алдыңғы сапқа келеді. Партия ұйымы егін жыйнау маусымына әзірлік және кәзір оны өткізу кезінде колхозшы шаруаларға еңбектің нәтижесі сабақтағы астықпен емес, қамбаға құйылған астықпен өлшенетінін жеңінен түсіндіріп келеді. Партия ұйымы күні бұрын егіске әзірлік, қырмандарды жабдықтау, дән тазарткыш машиналарды жөндеу, егіншілердің мәдени тұрмыстық жағдайы жөніндегі мәселелерді өзінің бақылауына алып, бұл шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етті. Июль айында өткен ашық партия жыйналысы, үгітшілердің әңгімелері, және басқа партиялық- саяси жұмыстарымыздың бәрі де міне осы мақсатқа арналды.

Кәзір егін жыйнау кезінде колхоз партия ұйымы МТС партия ұйымымен бірлесе отырып, комбайн агрегаттарының өнімді жұмыс істеуіне, астық қырмандары мен транспорт бригадаларында қызу еңбекті ұйымдастыруға қажетті шараларды жүзеге асыруда. Партиялық-саяси жұмыс шаруашылық жұмыстың кешілі екені мәлім. Осыны еске алып, партиялық-саяси жұмысты біз егіншілердің социалистік жарысын ұйымдастыру, олардың өндірістік саяси белсенділіктерін үнемі қолдауға бағыттаудамыз.

Коммунистер астық үшін күрестің дағдыры шешілін жатқан жерлерде: комбайн агрегаттары мен астық қырмандарында, транспорт бригадасында тікелей жұмыс істеп, еңбекте өнеге көрсету, бұқаралық-саяси жұмыстарды жүргізу арқылы колхозшы шаруаларды соңдарынан ертуде. Бұл жөнінде колхозшы коммунист Т. Милохин жолдасты мысалға алуға болады. Ол жұмыс істейтін астық қырманында күн сайын 300 центнердің орнына, 450-500 центнерден астық тазаланып, мемлекет қоймасына жөнелтілуде. Милохин жолдас өзі жұмыс нормасын екі есе орындаумен бірге жолдастарымен әңгіме өткізіп, оларды еңбек өнімділігін еселеп арттыруға жұмылдырады, еңбекке немкетті қараушы адамдар жөнінде көпшілік пікірін ұйымдастырады. Транспорт бригадасында жұмыс істейтін коммунист, шофер П. Гусляников, № 2 астық қырманындағы коммунист Новиков және басқалары жөнінде де осыны айтуға болады.

Колхозда 14 комбайн жұмыс істейді. Комбайншылардың арасында партиялық-саяси жұмысты ойдағыдай жүргізу жөнінде комбайн агрегаттарының ұйымдастырушысы У. Федорова жолдастың еңбегі аз емес. Оның басшылығымен комбайншылардың социалистік жарысына үнемі қорытынды жасалып, озаттардың жұмыс тәжрибелері насихатталады. Көрсеткіш тақталары мен жауынгерлік листоктар комбайншылардың социалистік жарыс туының жоғары болуына арналып келеді. Озат комбайншылар Ерефаев, Беккель, Гартнер жолдастардың жұмыс тәжрибелері жалпының игілігіне айналдырылуда. Осының нәтижесінде комбайншылардың басым көпшілігі кәзірдің өзінде маусымдық тапсырмаларын орындауға жуық.

Колхоз партия ұйымы егіншілер арасындағы үгітшілердің жұмысына әрқашан назар аударып отырады. Егін жыйнау маусымы басталғалы үгітшілердің екі рет семинар-кеңестері өткізілді. Онда саяси жұмыстың мазмұны жөнінде баяндама жасалып ,тандаулы үгітшілер Шавалин, Скоблев жолдастар өздерінің жұмыс тәжрибелерін ортаға салды. Үгітшілермен жұмыс тек семинар-кеңестермен бітпейді. Біз үгітшілердің әңгімелеріне тікелей қатысу арқылы, саяси үгіттің мазмұнды болуы жөнінде оларға кеңес береміз.

Комбайн агрегаттары мен астық қырмандарының жұмысты ұйымшылдықпен жүргізуі арқасында мемлекетке күн сайын 25-30 машина астық жөнелтіледі. Колхоз мемлекетке астық тапсыру жұмысын мерзімінен бұрын орындап, МТС-ке заттай ақы төлеу жөніндегі борышын орындауға жуық. **Жақында колхозшы шаруалар өздерінің жыйналысында мемлекетке 120 мың пут астық сатуды ұйғарды.**

Партия ұйымының бүгін таңдағы басты міндеті колхозшылардың тілегін жүзеге асыру—мемлекетке 120 мың пут астық сатылуын қамтамасыз ету болып отыр. Біз бұл міндетті орындауға егіншілердің социалистік жарысын онан әрі кеңінен ұйымдастыру, сөйтіп, бітік егінді қыска мерзімде ысырапсыз жыйнап алу арқылы жетісеміз. Бұған колхозшы шаруалардың өндірістік белсенділігі және олардың алдыңғы отряды—коммунистердің авангардтық ролі кепіл.

Т. ДҮЙСЕНБЕКОВ,

Октябрь ауданы, Киров атындағы колхоз партия ұйымының секретары.

Колхозшылар арасындағы үгіт

«Память Ильича» колхозының (Ленин ауданы) бастауыш партия ұйымы (секретары Картавенко жолдас) бұқаралық-саяси тар шығарып отырады. Үгіт-көпшілік жұмысын шеренді жүргізуде, әсресе, комсомолдар Васильев, Забуднай жолдастар

ЖАБАЙЫ АСТЫҚ КЕПТІРГІШТЕР ЖАСАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Соңғы бірнеше күндер бойы жауын-шашын жиі болып тұр. Бұл жағдай қырмандардағы астықты бүлінуден аман сақтау жолындағы шұғыл шаралардың мүлтіксіз жүзеге асырылуын талап етеді. Жоғарғы өнімді «ВИСХОМ», «КУЗБАСС» астық кептіргіштері көп колхоздарда жеткіліксіз. Сондықтан қолда бар механикаландырылған астық кептіргіштерді өнімді пайдаланумен бірге, қолайлы орындарға салынған жабайы астық кептіргіштерді іске кеңінен пайдалану қажет.

ЖАТАҒАН АСТЫҚ КЕПТІРГІШ

Мұндай типті астық кептіргіш өте жабайы және оны әрбір колхоз бір-екі жұмыс күні ішінде жасап ала алады. Бұл астық кептіргіш —біріктіріліп салынған және от жағатын ортақ бір ғана ауыз, бір ғана мұржа шығарылған екі үлкен жатаған пеш. Түтін жүретін айналма каналдар оттықтың екі жағына горизонтальді тәртіппен қатар орналастырылады. Ал, астық кептіретін пештің арқасы оттықтың және түтін жүретін айналма каналдардың үстінде болады. Түтін шығатын мұржа от жағатын ауыз шығарылған қабырғаға қарсы жатқан қабырғадан шығарылады. Оттықтың екі жағындағы түтін жүретін айналма каналдар ортадан екіге бөлінеді. Пештің сыртқы қабырғаларының жалпақтығы бір, біржарым кірпіштің, ал, от жағатын ауыз шығарылған қабырға мен түтін жүретін айналма каналдарды оттықтың екі жағына бөлін тұратын бөлменің жалпақтығы бір кірпіштің жалпақтығындай болып қаланады. Түтін жүретін айналма каналдардың қабырғаларына кірпіш қырынан қалануға тиіс. Пештің арқасы кәдімгі пештердің арқасынша жабылады.

Пештің арқасына қаңылтыр төсеуге болмайды. Өйткені, қаңылтыр қызуды өте көп береді де, астықты күйдіріп жібереді. Пештің ұзындығы 450 сантиметр, көлденені —400 сантиметр, еденнен алдыңғы жағының биіктігі—40 сантиметр, кейінгі жағының биіктігі—60 сантиметр болады. Пештің алатын орнын азайту үшін от жағатын ауыз бен жел кіргіш еденнен 80 сантиметр төмен орналастырылады. Оттық решеткелерінің көлемі 51х150 сантиметр болып, ара қашықтығы 3 сантиметрден қырыннан қаланған кірпіштен жасалады.

Астық кептіргіштің бірқалыпты жұмыс істеуі үшін оның мойнының ұзындығы 16—18 метр болуы керек. Бұл пештің жақсы жылынуын қамтамасыз етеді. Түтін жүретін айналма каналдардың кендігі 20 сантиметрден, ал мұржаның биіктігі 4,5 метрден аспауға тиіс. Мұржаға түтіннің шығуын және ауаның тартуын өзгертіп отыратын жылжымалы жапқа орнатылады. Пештің астық кептіретін арқасына кірпіш жалпақтығынан теселеді және арқа пештің алдына қарай 20 сантиметр еңкек жасалады. Арқаның жағалай жиегіне дән шашылмауы үшін кірпіштен ернеу жасалады. Кептірілген дәнді жыйнап алуды жеңілдету үшін ернеуден кішкентай науаша шығарылады.

Мұндай астық кептіргіш [illegible]



СУРЕТТЕ: жатаған астық кептіргіш. Түтін жүретін айналма каналдардың орналасу тәртібін көрсету үшін сурет жартылай жарып салынған.

тіріледі. Астықты кептіру кезінде міндетті түрде термометр болуы керек. Термометр арқылы дәннің 40—50 градустан артық қыздырылмауын байқап отыру қажет. Кептіріліп болған дән жыйналып алынады да, құрғақ және таза еденге жайылып суытылады. Астықты суыту кезінде де оны үнемі аударыстырып отыру қажет. Дән әбден салқындап болғанға дейін кемінде 8—10 рет аударыстырылуы тиіс. 6 сантиметр қалыңдықта еденге жайылған дән 1,5—2 сағат суытылады. Мұндай астық кептіргішке бір мезгілде 420—500 килограмм астық кептіруге болады.

Жағу тәртібін дұрыс сақтаған жағдайда 2 килограмм ағаш бір тонна астықтың дымқылдығын 5 процент кептіруге жетеді. Астық кептірілетін арқасының көлемі 16—18 шаршыметр пешке тәулігіне 3—4 тонна астықтың дымқылдығын 5 процентке дейін кептіруге болады.

Бұл астық кептіргішке тек товарлы астықты ғана кептіру керек. Ал, мұндай кептіргішпен кептірілген тұқымдық дән өзінің шығымдылық сапасын кемітеді.

СТЕЛЛАЖ АСТЫҚ КЕПТІРГІШ

Стеллаж астық кептіргіштің құрылысы жатаған кептіргішке қарағанда анағұрлым жабайы. Бұл астық кептіргішке товарлы астықты да, тұқымдық дәнді де кептіре беруге болады.

Қандай да болмасын үйге бірнеше қатарлы стеллажы (полкасы) бар, калориферлі (жылылықты көп беретін) пеш орнатылады. Мұндай пеш ретінде жабайы тікбұрышты пештерді пайдалануға болады. Пештің түтін жолдарына көлденең труба кесінділерін, немесе, іскі жарамсыз трактор двигательдерінің гильзаларын орнату керек. Осы трубаларда жылынған ауа жоғары көтеріледі де жайған астықты кептіреді.

Калориферлі пеш ретінде қолжетімді [illegible]

Дәннің бірқалыпты кебуін қамтамасыз ету үшін кептіру кезінде оны үнемі аударыстырып отыру қажет. Үйдегі ауа тұқымдық дәнді кептірген кезде 40—45 градус, ал, товарлы астықты кептірген кезде 60—75 градус жылылықта болуы тиіс.

Астықтың дұрыс кептірілуін қамтамасыз ету үшін үйге желдеткіш орнату керек. Бұл үшін үйдің көлемінің кеңдігіне қарай, төбені және шатырды тесіп өтетін бір, немесе, екі труба орнатылады. Үйдегі ауаның труба арқылы сыртқа шығуын өзгертіп отыру мақсатымен, трубаға жылжымалы жаппа, немесе, айналмалы клапан орнату қажет.

Стеллажға жайылған дәннің қалыңдығы 4—8 сантиметр шамасынан аспауы қажет. Әсресе, пешке жақын және ең жоғарғы стеллаждарда астықтың [illegible] жыллам болады. Сондықтан стеллаждардағы астықты жиі ауыстырып және аударыстырып отыру керек.

Көлемі 50 шаршыметрлік стеллаждарда бір тәулік ішінде кеміне 5 тонна астықтың дымқылдығын 5 процентке дейін кептіруге болады. Бұған шамамен алғанда 360 килограмм отын жұмсалады.

* * *

Жатаған және стеллаж астық кептіргіштер орнату үшін орын таңдағанда және бұл астық кептіргіштермен жұмыс істегенде өрт хауіпнен сақтанудың ережелерін қатаң сақтау қажет.

Кәзіргі ауа райының өте қолайсыз, жауын- шашынды болып тұрған жағдайында қырмандардағы астықты бүлінуден аман сақтауға, оны тазарту, кептіру және дайындау пункттеріне жеткізу жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге барлық мүмкіншіліктерді толық пайдалану керек. Колхоздарда жабайы типті астық кептіргіштерді кеңінен қолдану — [illegible]

[illegible] арасында үгіт жұмысын мазмұнды жүргізіп келеді.

«Астық майданында» атты қабырға газетінің соңғы номерінде «Біздің міндетіміз» деген бас мақаласында элеватор коллективінің жаңа астық қабылдау жөніндегі айбынды міндеттері туралы айтылады. Газет техникалық базаның баяу жұмысы үшін элеватор директоры Котов жолдасты сынға алған.

Міне, кәзіргі астық қабылдау науқанындағы үгіт пунктінің жұмысы осындай. Сентябрь айында үгіт пункті өзінің жұмыс жоспары бойынша халықаралық жағдай және басқа тақырыптар да лекциялар оқуды, элеватор және қала өнеркәсіп орындарының көркемөнерпаздар күшімен бірнеше концерт қоюды, әңгімелер өткізуді ұйымдастырмақ.

З. ҚАСКЕЕВ.

тру арқылы, колхозшы шаруаларды СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумы алға қойған міндеттерді орындау күресіне жұмылдыруда.

Үгітшілер үнемі әңгіме өткізіп, газет оқып, апта сайын жауынгерлік листок-[illegible] жеткізіп жүр.

Партия ұйымы бұқаралық-саяси жұмысты бұдан былай да жақсарту арқылы колхозшыларды және осы колхозда жұмыс істейтін Пушкин МТС-і механизаторларын жаңа табыстарға жұмылдыра береді.

САЯСИ БАЯНДАМАШЫЛАР ТОБЫ

Совет аудандық партия комитетінің жанында саяси баяндамашылар тобы жұмыс істейді. Оның құрамында аудандық партия комитетінің секретарьлары мен бөлім меңгерушілері, МТС-тер мен совхоздардың директорлары, партия ұйымының секретарьлары және басқа совет, комсомол активтері бар.

Баяндамашылар ауданның колхоздары мен совхоздарында, дала қостары мен трактор бригадаларында болып, егіншілер мен механизаторларға партия мен үкметіміздің саясаты жөнінде баяндамалар жасауда. Быйыл аудандық партия комитетінің секретары Г. Қозин жолдас түрлі тақырыпта 22 рет, насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі К. Тілеужанов 11 рет, ал, топтың басқа баяндамашылары 9—10 реттен баяндамалар жасады.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумдарының қаулысы жөніндегі, халықаралық жағдай туралы және басқа тақырыптардағы баяндамаларды колхозшылар мен механизаторлар сүйсіне тыңдауда.

3500 кірпіш, 3 текшеметр балшық, 3,5 текшеметр тас, 1 текшеметр құм, бір-бірден от жағатын және жел кіргіш ауыздарға қақпақ және екі жаппа керек. Егер кірпіш жеткіліксіз болса, астық кептіргіштің сыртқы қабырғаларын саман кірпішпен қалауға да болады.

Кептірілген астық қайта дымқылданбауы үшін бұл астық кептіргішті жаппаның астына, немесе, сарай ішіне орналастыру қажет. Егер кептіргіш сарай ішіне салынса, сарайдың төбесіне ауа тартатын биік мұржа, қабырғасының төменгі жағына желдеткіш тесік жасау керек.

Бұл астық кептіргішпен дәнді кептіру тәртібі былайша ұйымдастырылады: дән жылытылған пештің арқасына 5—10 сантиметр қалыңдықта жайылады да, үнемі аударыстырып отыру арқылы кеп-

қолдануға болады. Стеллаж үстіне жіңішке темір сетка орнатылған рамалардан жасалады және олар бірінің үстінде бірі екіеш қатар болып калориферлі пештің үсіне орнатылады. Стеллаждардың жиегіне дән шашылмайтындай етіп ернеу жасалады.

ке астық тапсыру жөніндегі жоспардың ойдағыдай орындалуы қамтамасыз етіледі.

М. ГАРДБЕРГ,

облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, ауыл шаруашылығы насихат басқармасының бас инженері.

Партия мен үкметтің тапсырмасы орындалады

Көктемде, тау етегінде әлі де қар жатқан кезде, Орджоникидзе атындағы, Калинин атындағы, Мұқыры, Қоғалы және Айнабұлақ ММШС -тері өздерінің қамтуындағы колхоздардың мал қыстайтын шалғай участоктеріне малазығындық дақылдар егуге арнап тың жерлер көтеру үшін шынжыр табанды 700-дей трактор жіберген болатын. Жартылай шөлейтті аймақтың өзінде ғана 8 мың гектардай жаңа жерге дәнді дақылдар егілді. Егін барлық жерде жақсы шықты. 28 гвардияшылар атындағы ауданның Сталин атындағы колхозы Арқарлы участогінде игерілген 440 гектар тынның әр гектарынан 120 пұттан аса астық бастырды.

Быйылғы жылы өз инициативаларымен 40 мың гектардан аса тың және тыңайған жер жырткан облыстың барлық 60 колхозы жаңа жерлерден осындай дерлік өнім алды. Жетісу егіншілерінің тәжрибесі жаңа жерлер игеру мемлекеттің, колхоздардың, колхозшылардың түбірлі мүддеріне сай келетініне, ауылшаруашылық өндірісінің барлық салаларын, әсресе мал шаруашылығын өркендетудің аса маңызды құралы болып табылатынын көрсетті.

Партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын өркендетуге деген қамқорлығымен жігерленген егіншілер мен механизаторлар быйыл және келесі жылы тағы да 200 мың гектар тың және тыңайған жер көтеруді ұйғарды. Бұл астық өндіруді екі еседей арттыруға, қоғамдық мал үшін берік жемшөп базасын жасауға мүмкіндік береді.

Облыста жыртуға жарамды жерлерді зерттеу жұмыстары өрістеді. Жерге орналастырушылардың 19 тобы зерттеу жұмысын жүргізуде. Алакөл ауданының Киров атындағы артелінде күзде және көктемде жырту үшін кәзірдің өзінде 1.800 гектар тың жер іріктеп алынды. Мұның өзі колхоздағы дәнді егістің көлемін екі еседей арттыруға мүмкіндік береді: 28 гвардияшылар атындағы, Қапал, Бөрлітөбе аудандарының жаңа жерлерінде жаңадан 3-4 астық совхозын құру белгіленді.

Маусымдық жайылымдар мен шабындық жерлерді дәнді дақыл егуге арнап жыртуға байланысты Балқаштың оңтүстік жағалауындағы, Қараталдың төменгі ағысындағы бұрын аз пайдаланылып келген жерлерді, жартылай шөл Сарыезек, Отырау және Құрақсу участоктерін игеру жөніндегі жұмыстар басталды. Бұл жерлерде тоғандар, су қоймалары жасалып, шеген құдықтар мен жай құдықтар қазылуда.

Курган облысының «Заветы Ленина» артелінің егіс маманы Т. С. Мальцев ойлап тапқан егіншіліктің жаңа системасын енгізу колхоздардың алдында зор жаңа мүмкіншіліктер ашады. Мальцевтің өндірістік тәжрибелері быйылғы жылдың өзінде -ақ бірнеше мың гектар жерде жүзете асырылады.

Жетісудың колхозшылары мен механизаторлары колхоздардың экономикасын өрге бастырудың, мал шаруашылығын өркендетудің, колхозшылардың ақшалай және заттай табыстарын ұлғайтудың қуатты резерві ретінде астық өндіруді арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі партия мен үкметтің тапсырмаларын орындау ісіне қуанышпен кірісуде.

А. ФАТЕЕВ,

Талдықорған облыстық ауылшаруашылық Басқармасының бастығы.

(ҚазТАГ).

Біздің даңқты заманымызға лайықты шығармалар жасайық

Үшінші сентябрьде Алматыда Қазақстан жазушыларының үшінші съезі ашылады. ҚазТАГ-тың тілшісімен әңгімесінде республиканың Совет Жазушылары Одағының председателі Ғабиден Мұстафин былай деді:

—Советтік Қазақстан әдебиетшілерінің екінші съезінен бері 10- 15 жыл уақыт өтті. Бұл жылдардың ішінде біздің еліміздің бет-бейнесі мықтап өзгерді. Партия мен халықтың күш -жігері арқасында бұрын жан баспаған далаларда қала салынды, құм- шөлдерге су келді. Индустрияның жаңа алыптары салынды. Елдің жер бетіндегі байлықтарын және оның жер қойнындағы мол кендерін пайдалануда зор қадам жасалды. Осының бәрі совет халқының материалдық және мәдени әл-ауқат дәрежесін онан әрі арттыруға жол ашты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында орасан ауыр сыннан өткен советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыс туысқан совет халықтарының құрыштай бірлігін, совет адамдарының рухани дүниесінің қуаттылығы мен көркемдігін бүкіл дүние жүзіне тағы да көрсетті.

Жазушының қасиетті борышы —совет тұрмысын кеңінен толық көрсету, советтік жаңа адамның—коммунизм құрылысшысының бейнесін жасау.

Қазақ совет әдебиетінің күмәнсіз көп табыстары бар. Съездің қарсаңында Мұхтар Әуезов 14 жыл творчестволық қызметін сіңірген үлкен еңбегін аяқтады. «Абай» романының төртінші кітабы жазылып болды. Сәбит Мұқановтың «Ботакөз» және басқа шығармалары, Т. Жароков пен Ә. Тәжібаевтың поэмалары, Ғ. Ормановтың лирикалы өлеңдері, қазақтың ежеде жазушыларының басқа да шығармалары сыннан өтті.

Отызыншы жылдардың екінші жартысында қазақ әдебиетіне Қ. Аманжолов, Ж. Саин, Ә. Сәрсенбаев, Х. Бекқожин және басқа талантты ақындар келді. Өздерінің творчестволық жолын жыйырмасыншы жылдардың аяқ шенінде бастаған жастардан олардың өзгешелігі, бұлардың ой- өрісі едәуір кең, орыстың классиктік және кәзіргі замандағы әдебиетімен жақсы таныс еді.

Қазақстанның әдебиетшілері Ұлы Отан соғысы жылдарында бірқатар шабытты шығармалар жазды. Бұлардың қатарына еңалдымен Жамбылдың творчествосы, Қ. Аманжоловтың, Ж. Саинның және басқа да ақындардың әсерлі күшімен көзге түсетін творчествосы, Ғ. Мүсірепов тың «Қазақ солдаты» деген романы, Сәбит Мұқановтың, Мұхтар Әуезовтың әңгімелері мен очерктері және басқалары жатады.

Өсіп келе жатқан әдебиеттің сыйпатты бір белгісі —оның үнемі жас күштермен толықтырылып отыратындығы болып табылады. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ прозасына А. Нұрпейісов, С. Шәймерденов, Б. Соқпақбаев және басқа жазушылар келіп қосылды. А. Нұрпейісов Ұлы Отан соғысының материалдарына сүйене отырып, «Құрманжан» романын жазды. С. Шәймерденов өзінің «Болашаққа жол» деген романын совет студенттерінің тұрмысына арнады. Б. Соқпақбаев бірнеше әңгіме және «Алыстағы ауылда» деген повесть жазды. Авторлардың өмірлік тәжрибесінің және әдеби дағдыларының жеткіліксіздігімен байланысты кемшіліктеріне қарамастан, бұл шығармалар қазақ совет әдебиетіне қосқан едәуір үлес болып табылады.

Үздіксіз идеялық және көркемдік өсу жолымен келе жатқан қазақ совет прозасы соғыстан кейінгі жылдардың ішінде М. Иманжановтың «Алғашқы айлар» повестімен, Ғ. Сланов тың «Кең өріс», Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» және «Миллионер» атты шығармаларын толықты.

Қазақ совет поэзиясы едәуір өсті. Көп уақыт бойы қазақ ақындары адамдардың ойы мен сезімін жырлауда еркіндеу болып, бұқараның еңбектегі ынта- жігерін бейнелеу қыйыншылықтарынан жасқанып келді. Соғыстан кейінгі жылдарда олар бұл тақырыптарды анағұрлым батыл және анағұрлым жақсы жаза бастады. Бұлардың қатарына еңалдымен Т. Жароков, пен Х. Ергалиевтің өлеңдерін қосуға болады. Ж. Молдағалиев өзінің «Нұрлы жол» поэмасын жұмысшы табының жас кадрларын даярлау жөніндегі игілікті тақырыпқа арнайды. Д. Әбілов азамат соғысы жылдарында бүлінген Риддер заводын қалпына келтірудегі шабытты еңбекті жыр етеді. Қ. Аманжоловтың «Біздің дастан» поэмасы коммунистердің ұлы партиясына арналған.

Октябрь революциясының нәтижесінде қазақ драматургиясы туды, бұл — қазақ халқы мәдениетінің гүлденіп көркейіп отырғандығының бір белгісі. Екі съездің арасындағы уақытта республиканың драматургтері ондаған пьесалар жазды. Бұлардың ең таңдаулылары: Ғ. Мүсірепов жазған «Қозы көрпеш- Баян сұлу» мен «Аманжелді», М. Әуезовтың «Қобыландысы», Ә. Әбішевтің «Достық пен Махаббат», Ш. Құсайыновтың «Көктем желі», Ә. Тәжібаевтың «Гүлден даласы» және басқалары.

Қазақ әдебиетшілері орыс және дүние жүзі классиктерінің көрнекті шығармаларын, туысқан республикалар жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударуда үлкен жұмыс істеді. А. С. Пушкин шығармаларының төрт томы, М. Ю. Лермонтовтың таңдамалы шығармалары, Л. Н. Толстойдың «Анна Каренинасы», И. С. Тургеневтің, И. А. Гончаровтың бірқатар романдары, А. Н. Островскийдің пьесалары қазақ тілінде басылып шықты. И. А. Крылов мысалдарының, А. П. Чехов әңгімелерінің көпшілігі, Н. В. Гогольдің негізгі шығармалары қазақ тіліне аударылды.

Дүниежүзілік классикадан Шиллердің «Зулымдық пен махаббаты», Лют Шекспирдің «Отеллосы» мен «Асауға тұсауы», Гогольдің, Бальзактың, Мерименің, Сервантестің, Дефоның, Жюль Верннің, Свифтің шығармалары аударылды. Қазақ тіліне Назым Хикмет пен Пабло Неруданың, халықтық демократия елдерінің ақындары мен жазушыларының шығармалары аударылды.

Қазақ тіліне әсресе совет әдебиетшілерінің творчествосы көп аударылып шықты.

Бұл жылдары Қазақстанның орыс жазушылары жемісті еңбек етті. Олар екі съездің арасындағы уақытта сексен кітап жазды.

Қазақстан жазушылар ұйымында ұйғыр әдебиетшілерін біріктіретін секция бар. Бұдан біраз уақыт бұрын ұйғыр совет әдебиетінде оның бірінші адымын жасаған У. Мұхамедиев пен И. Саттаров қана болған болса, кәзір жаңа жазушылармен толықтырылды. Х. Абдуллиннің, И. Изимовтың және басқа жас ұйғыр авторларының кәзге түсерлік шығармалары «Бірінші адым» жыйнағына енгізілді.

Әрине, советтік Қазақстан әдебиетшілерінің табыстарын тұтас алғанда республиканың әдебиетшілері мен жазушылар ұйымының жұмысындағы ірі кемшіліктерді бүркей алмайды. Қазақ әдебиетінің дамуы халықтың талаптарынан әлі артта қалып келеді. Партиямыздың Орталық Комитеті біздің творчествомыздағы елеулі қателер мен кемшіліктерді дерекзінде көрсетіп, ол кемшіліктерді жоюға көмектесті.

Қазақстан жазушыларының үшінші съезі істелген жұмысты талқылайды және бұл жұмыстың қорытындыларын шығарады. Ешкімнің бет -ажарына қарамай сынды өрістете отырып, принципті және қызу айтыс арқылы біз әдебиетімізідің артта қалушылық себептерін ашамыз, кездесіп отырған қыйыншылықтардың бетін ашып, жоспарларымызды ортаға саламыз, Қазақстан әдебиетшілерінің жұмысындағы жаңа кезеңдерді белгілейміз.

Қазақстан жазушыларының үшінші съезі қазақ совет әдебиетін онан әрі дамытуда маңызды кезең болады. Бұл съезд совет халқының өсіп отырған рухани тілектерін толық қанағаттандыруға, дақпты заманымызға лайықты шығармалар жасауға көмектеседі. (ҚазТАГ).

АСТЫҚ ЖЕЛДЕТКІШТІҢ КӨМЕГІМЕН ТАЗАРТЫЛАДЫ

ӨСКЕМЕН, (ҚазТАГ). Заготзерноның Гусинск пунктінің директоры Пышкин мен механигі Чудинов комбайннан түскен астықты тазартудың қолайлы жаңа әдісін жүзеге асырды. Олар бұл үшін орта қысымды қуатты желдеткішті пайдаланды. Ол 1 сағат жұмыс істегенде 5 тоннаға дейін астық тазартады, оның үстіне астықтың ылғалдытын едәуір кемітеді.

Астық былай тазартылады. Желдеткіштің қуатты соғрығыш кеңірдегі алдынан 360 миллиметр қашықтықта конусты бункер қойылады, оның астықтың түсуін реттеп тұратын қалқаны болады. Қуатты соғрығыш тесіктің төменгі жиегінде қыйғаш металл қалқаша бекітіледі. Желдеткіш электр мотордан қуат алып жұмыс істейді. Комбайннан түскен астық желдеткіштің қуатты соғрығыш тесігінің алдында шүмектен құйылып тұрады. Жеңіл қоспаларды, сондай-ақ нәзік дәндерді ауа сорып әкетеді.

Гусинск астық дайындаушылары Бұхтарма ауданының Киров атындағы колхозының астық тазартуға желдеткіш қолдануына көмектесті. Мұның нәтижесінде ауылшаруашылық артелі мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады және бірнеше жүздеген еңбеккүн үнемеді.

Заготзерноның облыстық конторасының мамандары Шығыс Қазақстанның барлық дайындау пунктіне, ауылшаруашылық артельдеріне жаңа егіннің астығын қосымша өңдеу ісінде қуатты желдеткіштерді кеңінен пайдалануды ұсынды, бұл желдеткіштерді МТС-тердің бәрі де өздері жасап ала алады.

Барлық ауылшаруашылық жұмыстарын ұштастыра жүргізейік!

★ ★ ★

Облыс МТС-тері мен колхоздарында және совхоздарында ауылшаруашылық жұмыстарының 1954 жылғы 1 сентябрьге дейінгі барысы туралы

МӘЛІМЕТ

(Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Мемлекетке астық тапсыру	Егін жыйнау	Дайындалған пішен	Шөп сүрлеу	Зябь жырту	Күздік егу
Петропавл	32,7	38,2	41,3	25,6	16,7	51,2
Совет	19,6	20,9	43,4	22,8	17,2	4,6
Конюхов	16,9	24,2	39,9	82,5	16,5	25,5
Приешім	16,3	26,4	48,4	21,5	21,3	27,1
Октябрь	15,4	28,2	57,1	44,0	26,8	63,6
Преснов	14,3	26,2	50,8	40,6	27,1	54,8
Булаев	14,3	24,0	46,3	91,7	21,3	5,2
Полудень	13,3	15,0	33,7	44,1	12,4	50,0
Соколов	12,1	19,8	35,5	42,7	8,3	51,9
Ленин	11,4	28,7	63,7	43,0	19,6	29,4
Мамлют	11,4	16,3	39,4	26,4	10,8	10,1

МТС-тер	Егін жыйнау	Дайындалған пішен	Шөп сүрлеу	Зябь жырту	Күздік егу
Петропавл	40,4	46,4	16,3	16,7	54,5
Образцовая	34,9	34,1	15,5	34,7	17,4
Асанов	34,8	38,4	39,3	16,7	46,2
Торанғұл	33,3	59,0	46,6	27,9	78,0
Ворошилов	32,8	59,7	24,5	34,9	57,1
Ильич	32,2	63,9	52,1	18,2	53,4
Майбалық	30,2	39,0	25,3	20,0	63,4
Преснов	28,8	54,3	43,8	27,9	64,3
Приешім	27,9	51,3	31,2	17,8	38,8
Коновалов	26,4	62,6	39,6	24,3	46,5
Тимирязев	26,2	43,5	12,7	19,8	46,9
Куйбышев	25,9	66,7	62,8	15,4	18,8
Чистян	25,5	33,9	76,8	16,2	7,7
Ленин	24,9,	46,6	16,0	25,7	6,4
Булаев	24,3	44,1	96,4	22,6	3,8
Баян	23,8	60,2	46,7	31,6	55,0
Калинин	23,6	49,9	85,5	20,6	6,9
Совет	23,5	44,9	29,4	23,7	10,2
Пушкин	23,0	65,1	47,1	11,7	39,8
Суворов	22,8	41,4	88,2	16,8	45,2
Шағлы	20,8	38,1	13,7	11,7	1,4
Налобин	20,2	34,3	44,5	9,7	53,3
Семиполка	19,7	47,1	72,0	20,4	78,5
Соколов	19,6	36,3	41,3	7,4	50,8
Николаев	18,7	50,0	40,0	29,8	1,3
Чапаев	17,4	43,1	23,1	13,6	1,2
Сартомар	16,5	52,0	35,7	14,7	0,6
Интернационал	16,4	46,0	18,5	13,0	2,4
Полудень	15,6	32,7	31,7	11,2	11,3
Вильямс	15,0	29,4	39,7	5,7	24,6
Ново- Георгиев	14,1	31,5	64,7	14,1	68,5

Совхоздар	Егін жыйнау	Дайындалған пішен	Шөп сүрлеу	Зябь жырту	Күздік егу

комитетінің секретары Бәшіров, аудандық Совет атқомінің председателі Живулина жолдастар ауданның егін жыйнауда артта қалушылығынан бұл уақытқа дейін қорытынды шығармай келеді. Бұл ауанда бітік егін өсірген Сартомар МТС-нің қамтуындағы колхоздар артта қалды. Соңғы бескүндікте МТС-те небары 746 гектар ғана егін жыйналған Ал, МТС директоры Макаров, МТС партия ұйымының секретары Макин жолдастар егін оруды көріне көзге бөгеп отырған кейбір трактор бригадаларының бригадирлеріне және колхоз басшыларына ымырашылдық жасап жүр.

Облыс колхоздарында егін жыйнаудың қарқыны қандай төмен болса, астық дайындау ісінің барысы да сондай нашар. Бұл жөнінде артта қалып келе жатқандардың қатарына Мамлют, Ленин, Соколов, Полудень, Булаев, Преснов, Октябрь аудандарын қосуға болады. Соколов ауданының колхоздары соңғы бескүндікте мемлекетке астық тапсыруға қатыспады деседе болады. Өйткені, мұнда бескүндік тапсырманың орындалуы 5,2 процент ғана болды. Ал, аудандық партия комитетінің секретары Брикунов және аудандық Совет атқомінің председателі Звягин жолдастар жайбарақаттыққа салынып, колхоз, МТС басшыларынан астық дайындудың бескүндік тапсырмасының мінсіз орындалуын қатаң талап ете алмай келеді. Осы себепті бұл ауанда астық дайындау жоспарының орындалуы 12,1 процент ғана болып отыр.

Ленин ауданы облысымыздағы ең ірі астықты аудан. Бірақ аудандық партия комитетінің секретары Плевако және аудандық Совет атқомінің председателі Бигожин жолдастар егін жыйнаудың алғашқы күнінен астық дайындауды әрбір колхоздың тыңрылықты ұйымдастыруын қамтамасыз ете алмады. Колхоздар астық тазартқыштармен, астық кептіргіштермен күні бұрын қамтамасыз етілмеді. Мұның ақыры ауанның астық дайындауда артта қалуына әкеліп соқты. Жағдай Мамлют ауданында да осындай.

Кейбір жерлерде астық ысырабына жол берушілік фактілері орын алған. Мұндай кемшіліктер Преснов, Октябрь, Приешім аудандарында жиі кездесіп отыр. Тіпті бұл аудандардың кейбір колхоздарында қырмандағы астықтың бүлінуіне жол берілген. Мұның өзі астық қырмандарында еңбектің дұрыс ұйымдастырылмағандығын толық дәлелдейді.

Егін жыйнаудың ең қолайлы мерзімі өтіп барады. Сондықтан облыстық партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары комбайн агрегаттарының жұмысына жаңа қарқын тұрызуға, машиналардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне және әрбір комбайнның тәуліктік тапсырманы екі еседен кем орындамауына жетісуге міндетті. Сонда ғана егінді қысқа мерзімде жыйнап алуға болады.

Петропавл «Комсомолка» тігін фабрикасының моторшысы Екатерина Чусовитина еңбекте жоғары көрсеткіштерге жетіп жүр. Ал сменалық нормасын 200 процеттен асыра орындаумен бірге өнімде ешбір ақау жібермейді.

СУРЕТТЕ: **Е. Чусовитина** жұмыс үстінде.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

★ ★

ЛЬВОВ ЭСТРАДА АНСАМБЛІНІҢ ГАСТРОЛІ КАРСАҢЫНДА

Осы жылдың сентябрь айында Петропавл концерт- эстрада бюросының шақыруы бойынша қаламызда Львов эстрада ансамблінің гастролі болады. Ансамбльдің құрамында эстрада артистерінің бүкілукраиндық бірінші конкурсының лауреаттары Павел Захаров пен Борис Петров, конкурс дипломанттары Г. Федорова. В. Яковенко, М. Парфенов тағы басқалары бар.

Ансамбльдің репертуарында классиктерлің, совет авторларының әртүрлі тақырыпты көптеген жанрдағы шығармалары қамтылған. Программада эстрада өнерінің негізгі түрлері — жеке әндер, квартет, би-акробатика, оригиналдық жанр, интермедиялар мен фельетондар бар.

Львов эстрада ансамблінің аты Украинала ғана емес, еліміздің басқа облыстарында да белгілі. Ансамбль артистері өздерінің шынайы, әсерлі сахна шеберліктерінің нәтижесінде жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген. Эстрада шеберлерінің қаламызға келіп концерт беруінің қаладағы көркемөнерпаздар үйірмелері мен жергілікті артистеріміз үшін үлкен творчестволық маңызы бар. Олар гастрольге келген Эстрада шеберлерінен кеңес алып, олардың ойын шеберліктерінен үйренуі керек.

Қала еңбекшілері туысқан республика артистерінің

Балаларды тәрбиелеу және оқыту сапасын арттыра берейік

Жаңа оқу жылы совет мектептерінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Үкімет пен партияның кәзіргі таңдағы алға қойып отырған міндеттеріне сай халықағарту орындарының қызметкерлері, мектеп коллективтері жаңа оқу жылы өздерінің барлық күш-жігерін жалпыға бірдей орта дәрежелі білім алумен политехникалық оқуды жүзеге асыруға, мектептерде оқутәрбие жұмысының сапасын барған сайын жақсарта беруге жұмсаулары керек.

Жалпы білім беретін облыс мектептері өткен оқу жылы жас ұрпақтарды тәрбиелеу жолында көптеген табыстарға ие болды. Бірақ, әлі де болса бұл салада көптеген кемшіліктер орын алып келді. Бірқатар мектептерде өткен оқу жылы оқушылардың оқу үлгеруі өте төмен дәрежеде болды. Мәселен, Октябрь ауданындағы Марьевка, Ольгинка орта, Новопокровка жетіжылдық мектептерінде, Мамлют ауданындағы Щучинск, Михайловка жетіжылдық мектептерінде, қаладағы № 8 орта мектептерде әрбір төрт оқушының үшеуі сабақ үлгере алмады. Ал, Конюхов ауданындағы Қарақоға, Преснов ауданындағы Николаевка орта мектептерінде оқушылардың тәртібін нығайту шаралары ойдағыдай жүзеге асырылмағандықтан, олардың арасында тәрбие жұмыстары өте төмен дәрежеде жүргізілді. Мұның өзі кейбір жекелеген оқушылардың совет балаларына жат қылықтарға бой ұруларына апарды. Әлі де болса облыстың көптеген мектептерінде кластан тыс жүргізілуге тиісті тәрбие жұмыстары өз дәрежесінде емес. Әсресе, жас ұрпақтарды атеистік рухта тәрбиелеуге жеткіліктімән берілмейді.

Жалпы білім беретін мектептердің жұмысында кездесіп отырған бұл кемшіліктерді жоюда быйылғы оқу жылында жүзеге асырылғалы отырған жаңа оқу жоспары, программалар мен оқулықтар зор роль атқарады. Өйткені, бұған дейінгі оқу жоспарларында, программалар мен оқулықтарда мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асырудың, оқушыларды еңбекке тәрбиелеп, оларды болашақтағы практикалық қызметке дайындаудың кейбір өзекті мәселелері қамтылмаған еді.

Жаңа программалар мен оқулықтарда кейбір жекелеген пәндер бойынша оқу материалдары едәуір қысқартылған. Мұның өзі оқушыларға ғылым негіздерін терең меңгеруге және олардың өз беттерімен жұмыс істеулеріне уақыт мүмкіншілігін тудырады. Өйткені, оқу материалдарының қысқартылуы оқу жұмыстарының сапалы жүргізілуі мақсатынан туған. Сондықтан, мұғалімдердің август кеңестерінде жаңа оқу жоспары мен программалар педагогикалық коллективтер тарапынан зор қанағаттандықпен қарсы алынды.

Жаңа оқу жылында алда тұрған басты міндеттердің бірі —мектептерде оқу- тәрбие жұмысын жақсарту және оқушылардың тәртібін нығайту мәселесі болып табылады. Әсресе, мектеп коллективтері тәрбиелей оқытудың маңыздылығын ескере отырып, жас балалардың материалистік дүниетану көзқарастарын қалыптастыруға баса назар аударулары керек. Бұл міндетті саналы, ұйымшыл оқушылар коллективін ұйымдастыра алған ғана жүзеге асыруға болады. Әсресе, оқушыларды тәрбиелеу жұмыстарының сапалылыққа негізделе жүргізілуін қамтамасыз ету—басты шарт.

Мектептегі пионер және комсомол ұйымдары оқушылар коллективінің алдыңғы отряды болып табылады. Пионерлер мен комсомолдардың беделі неғұрлым жоғары болса, мектеп коллективі солғұрлым ұйымшылдықпен жұмыс істейді. Сондықтан мектеп басшылары мен оқушылар коллективі мектептегі комсомол және пионер ұйымдарының жұмыстарын жақсартуға бағытталған барлық шараларды іскерлікпен жүзеге асырып отыруға тиіс.

Мектептерде оқу жылының алғашқы күнінен бастап, балалар үшін үйірмелер ұйымдастырудың зор маңызы бар. Әсресе, жас техниктер, жас натуралистер үйірмелерін ұйымдастыруға баса назар аударулары керек. Бұл жағдайда «ССРО-ның жас техникі», «ССРО-ның жас натуралисі», «ССРО-ның жастурисі» значектерінің шығарылуы зор маңыз алады.

Жаңа оқу жылы оқушылардың тәртібін нығайту мәселелеріне баса назар аударулары керек. Тәртіптілік —совет адамдарының маңызды рухани қасиеттерінің бірі, совет мектептері жас ұрпақтарды тәртіптілік рухында тәрбиелеуге тиіс. Бұл жұмыста мектеп, семья бірлесе жұмыс істеулері керек. Быйылғы жылы жүзеге асырылып отырған ер және қыз балаларды бірге оқыту оқушылар арасында тәртіпті нығайтуда өзінің игі әсерін тигізетіні сөзсіз.

Мектептерде оқу- тәрбие жұмыстарын кәзіргі талаптардың дәрежесіне сай жүргізуде семьяның, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының ролін айтпай кетуге болмайды. Олар мектеп коллективіне жас ұрпақтарды мәдениетті, саналы адамдар етіп тәрбиелеуге көмектесуге тиіс.

Облыс мектептері жаңа оқу жылын зор ұйымшылдықпен бастады. Жуырда болып өткен мұғалімдердің август кеңесі оған қатысушылардың өз міндеттерін жеткілікті дәрежеде түсінетіндіктерін айқын көрсетті. Облыс мұғалімдері Коммунистік партияның қамқорлығы нәтижесінде коммунизмнің болашақ құрылысшылары — жас ұрпақтарды тәрбиелеуде жаңа табыстарға жете беретін болады.

А. ЩЕРБАКОВ,
облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі.

	Е	Д	Ш	Зя
Явленка	52,2	74,3	112,1	40,5
Киров	47,5	82,2	25,2	17,5
Преснов	45,0	58,8	28,4	19,0
Петропавл	45,0	55,4	23,1	9,0
Буденный	43,0	51,4	22,0	11,5
Токшын	40,4	50,0	28,3	32,9
Октябрь	39,2	36,6	39,3	37,2
Қарағанды	37,9	64,2	70,2	2,9
Степной	37,6	36,0	33,4	23,5
Приишім	36,9	74,2	—	10,1
Мамлют	35,7	81,4	38,7	74,5
Чистов	31,3	68,5	93,1	8,0
Совет	29,4	57,9	76,8	—
Шағлы	28,5	58,4	27,1	8,7
Қылы	28,4	42,2	23,1	4,0
Торанғұл	27,9	72,4	21,6	10,8
Ұзынкөл	25,5	36,8	47,4	14,4
Қызылөскер	20,6	68,3	19,3	41,4
Возвышен	15,4	64,4	32,3	7,5

Облысымызда егін жыйнау маусымының басталғанына еді ауыр уақыт өтсе де колхоздар мен совхоздарда және МТС-терде егін жыйнаудың қарқыны өте- мөте нашар болып отыр. Егін жыйнауда, әсресе, төзгісіз артта қалып келе жаткан Полудень, Мамлют, Соколов, Совет аудандарының МТС- тері мен колхоздары болып саналады. Бұларда 1 сентябрьге дейін жоспардың орындалуы 20 проценттен аспай отыр.

Совет ауданының колхоздарында жағдайды өзгертуге сөйтіп, егін жыйнау қарқынын күшейтуге күш- мүмкіншіліктің барлығы да бар еді. Алайда, аудан басшылары, аудандық партия Дружинин, аудандық Совет атком'інің председатели Засыпкин жолдастар әлі де болса колхоз, МТС басшыларының «жер саз, егін жыйнауға болмайды» деген зиянды пікірлерінің шырмауынан шыға алмай жүр. Міне, сондықтан да ауданда егін жыйнау жоспарының орындалуы 15 процент ғана болып отыр. Ал, Полудень МТС- нің егін жыйнауда артта қалушылығын МТС директоры Лосев, аудандық партия комитетінің осы МТС жөніндегі секретары Восипенок жолдастардың іске атүсті басшылық жасауларынан деп түсіну керек.

Совет ауданының колхоздарында егін жыйнауды қарқынды жүргізуге барлық жағдай бар еді. Бірақ, аудандық партия

Осы уақытқа дейін облыс колхоздарында және совхоздарында зябь жырту қарқынын кеңінен өрістетуге жағдайлардың барлығы да бар еді. Бірақ ,аудан, МТС, совхоз басшылары тракторлардың жаппай босқа қарап тұруына жол беруде. Бұл жөнінде мысалға Соколов, Полудень, Конюхов, Совет аудандарының колхоздарын алуға болады. Бұларда көпшілік колхоздар егін жыйнауға қатыспаумен бірге зябь жыртуға да кіріспей отыр. Ал, трактор бригадаларының көпшілігі қуатты шынжыр табанды тракторлармен қамтамасыз етілген. Бұл тракторлардың жауынды күндері де жер жырта беретіндігі сөзсіз. Бірақ, МТС басшылары тракторларды зябь жыртуға қатыстырмай, олардың босқа тұруына жол беріп келеді. Аталған аудандардың басшылары зябь жыртудың белгіленген бескүндік тапсырмаларының сөзсіз орындалып отыруына жетісетін уақыттары жетті.

1 сентябрьге дейін облыс колхоздарында жемшөп дайындау жоспары небары 46,9 процент ғана орындалды. Соған қарамастан көпшілік МТС- тер мен колхоздар шөп шабу, жыйнау жұмыстарын тоқтатып қойған. Мұндай кемшілік, әсресе, Соколов, Совет, Полудень аудандарында кең орын алған. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету міндеті әрбір колхозда жемшөптің жеткілікті мөлшерде дайындалуын талап етеді.

Күздік егуде Совет, Булаев аудандары мүлде артта қалды. Тіпті бұл ауанның колхоздары әлі күнге дейін күздік егуге шындап кіріспей отыр. Бірақ, аудан басшылары Бәшіров, Живулина, Курлов, Қизатов жолдастар бұған абыржыйтын емес. Олардың іске жаңа қарқын беретін уақыттары жетті.

...жарлық артистік шеберліктеріне тиісті бағасын береді.

М. ПРАВДИН,
концерт-эстрада бюросының директоры.

Мәдени-ағарту қызметкерлерінің семинары

Жақында Совет аудандық Советі атқомі мәдениет бөлімі мәдени- ағарту қызметкерлерінің екі күндік семинарын өткізді. Оған колхоздардың оқу үйлерінің меңгерушілері және кітапхана қызметкерлері қатысты.

Семинарда мәдениет бөлімінің меңгерушісі Құрмангалиев жолдас «Мәдени-ағарту мекемелерінің егін орағы кезіндегі міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамадан кейін семинарға қатысушылар аудандық кітапханадағы фотомонтажбен, стендтермен танысты. Аудандық кітапхананың меңгерушісі Дворянчикова жолдас оларға фотомонтажды және стендтерді қалай ұйымдастыру жөнінде айтты.

Семинарға қатысушылар бір-бірімен тәжрибе ауысып, пікір алысты.

Кәзір аудандық мәдениет бөлімі ауданның егіншілері мен механизаторларын қамту үшін арнаулы мәдени- үгіт бригадасын жіберуге әзірленіп жатыр. Оның құрамында аудандық мәдениет үйінің, кітапхананың, мәдениет бөлімінің көркемөнерпаздары бар. Бригаданы мәдениет үйінің көркемдік жағын басқарушы Байков жолдас басқарады. Жақында мәдени-үгіт бригадасы ауанның колхоз, совхоздарында және МТС-терінде болып, егіншілерді мәдениетті қамтыйды.

Ж. ҚЫЙРАБАЕВ.

ТЫҢДА ЖАНҒАН ЖАРЫҚ

Жаңа орнаған Булаев астық совхозының көшелерін жарқырай жанған Ильич шамы нұрланытты, көптеген жұмысшылар үйіне де сәуле берді. Совхоздың темір дүкендерінде электр күшімен жүретін механикаландырылған көріктер орнатылған. Аз уақыт ішінде мұнда электрлендіру ісі түгелдей аяқталмақ.

Облысымыздағы жаңада құрылған 12 совхоздың барлығы да электрлендірілуде. Олардың әрқайсысы 2-ден генератор, двигательдер және басқа да электростанциялары жабдықтарын алды. Хрущев атындағы совхоз да түрел электрлендіріліді. Докучаев совхозында бағаналар орнатылып, монтерлар үй басына проводтар тарту ісіне кіріскі.

Маленков атындағы совхоздың электростанциясының машинистері партия мүшелігіне кандидат Н. Коваленко, комсомол мүшелері Е. Василевский және Н. Переходин жолдастар аса құнды инициатива көрсетіп отыр. Олар өздері электростанция үйіне керекті кірпіш соғып, бригадир П. Самсыкидың басқаруымен құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатыр. Кәзір үйдің қабырғалары бүтуге жақын.

Алдағы екі- үш жеті ішінде облыстың барлық жаңа совхоздары тың жерлерде алған жанған электр нұрының сәулесіне бөленбек.

Г. ШАМОВ.

үстап, мерекедегідей киінген оқушылардың бір тобы қалалық мәдениет және тұнығу паркіне іргелес тұрған екі қатарлы көркем үйге келіп кіруде. Бұл—Ленин атындағы № 1 орта мектеп үйі. Мектептің мұқият жыйнақталған іші-сырты көз тартқандай көркем. Кіре беріс маңдайшаға қызыл матаға әдемі әріптермен «Қош келдіңдер» деп жазылған әдемі плакат ілінген. Уақыт әлі ерте болса да мектептің әртүрлі ағаштар егілген кең ауласына оқушылар көп жыйналып қалған. Олар екеу- екеу болып немесе топтасқан түрде жазды қалай өткізгендіктері туралы әңгімелесуде.

Сағат 8-ді соқты. Барлық оқушылар мектеп алдындағы аулаға сапқа тұрды. Мектеп директоры Рашида Ғазизовна Давлеткелдиева оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтай келіп, мектеп оқушыларының жазғы каникулды қалай өткізгендіктері туралы айтып өтті. Мектептің жүзге жуық оқушылары бір айдан астам уақыт Петропавл, Приишім, Ленин аудандарының колхоздарында еңбек етіп, 1954 еңбеккүн тапты. Көптеген колхоздардан мектеп атына оқушылардың жақсы жұмыстары үшін алғыс айтқан хаттар келуде. 75 оқушы Свердловск қаласына экскурсияға барып, онда 8 күн болды. Олар өлкетану, геологиялық музейлерде болып, Оралдың тамаша табиғат байлықтарымен танысты. Сол сыяқты, жазушы Мамин-Сибиряктің музей үйінде, ботаника бақшасында болды. Пионерлер сарайы мен жас натуралистер станциясының жұмысын көрді. Қаланың көптеген мектептерімен танысты. Оқушылар свердловтық достарымен үстіміздегі оқу жылында үзбей байланыс жасап отырмақ. Бұдан әрі директор оқушыларды программалық материалдарды терең меңгеру

стуге шақырып, оқуда жаңа табыстарға жетуге тілектестік білдірді.

Директордан кейін 10-класс оқушысы Лаврова барлық оқушылардың атынан сөз сөйлеп, үкмет пен партияның жастарға жасап отырған қамқорлығына тек қана жақсы оқумен жауап беруге серт берді. Құттықтау сөздер аяқталғаннан кейін мектеп атына алынған телеграммалар оқылды. Алматы шет тілдер институтының студенттері Галя Янгалышева, Зоя Тогаева, Роза Абдрашитовалар оқытушылар коллективі мен оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа табыстарға жетулеріне тілектестік білдіреді. Сол сыяқты өздерінің де мектеп атына кір келтірмес үшін барлық күш- жігерін аямайтындықтарын жазады. Мұндай телеграммалар Ленинград мемлекеттік университетінің студенті Нелли Либерманнан, Москвадағы Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясының студенті Кузнецовадан, Свердловск, Томск, Новосибирск және басқа қалаларда оқып жүрген студенттерден келген. Олардың барлығы да көп жылғы тәрбиелері үшін оқытушылар коллективіне өздерінің алғыстарын жазады. Телеграммалар оқылып болғаннан кейін 10-класс оқушылары бірінші класс оқушыларына гүлдер тапсырды.

Сағат 8,30. Жылдағы дәстүр бойынша 10- кластың оқушысы жаңа оқу жылының бірінші қоңырауын соқты. Қолдарында гүл, оқытушыларын ортаға алған жүзден астам жас бөбектер мектеп табалдырығын алғашқы рет аттады. Олардан соң жоғары класс оқушылары өз кластарына тарай бастады. Ал, енді бірер минуттан кейін алғашқы күннің бірінші сабағы басталды.

Ә. СҰЛЕЙМЕНОВ.

Мол өнім

Октябрь ауданындағы Киров атындағы колхоздың егіні быйыл жылдағыдан әлде қайда бітік шықты. Бітік шыққан егінді Ворошилов МТС-нен келген комбайншы О. Беккер жолдас «Сталинец-6» комбайнымен жыйнап жүр. Ол МТС қамтуындағы басқа комбайншылармен социалистік жарысқа түсіп, өзінің күнделікті жұмыс тапсырмасын 150-160 процент орындайды.

Ол егін жыйнауда күндіз-түні бірдей жұмыс істеп, 10 күнде 40 мың пұттан астам астық бастырды. Беккер жолдас өзінің еңбек қарқынын күннен-күнге арттыра түсіп, төулігіне кей күндері 30 гектарға дейін егін оруға жетісіп жүр.

Озат комбайншының егін ору жұмысындағы іс-тәжрибесін МТС-тен келген басқа механизаторлар да үлгі ала отырып, көптеген табыстарға жетуде. Мысалы, комбайншы К. Беккель жолдас өз комбайнының техникалық күтімінде ұстай отырып, 8 күнде 214 гектар жердің егінін жыйнап, 2560 центнер астық бастырды. МТС-тен келген басқа механизатор да колхоздың егін жыйнау далаларында елеулі еңбек етіп келеді.

Қырманға келіп түскен бидай дереу тазартылып, қабылдау пунктіне сол күні жөнелтіледі. Бидай ору, оны бастыру жұмыстары колхоздың егін даласында қызу жүріп жатыр.

А. ПАНИЧЕВ.

Егін жыйнау қарқынды жүргізілуде

Киров атындағы совхоздың № 1 бөлімшесінің коллективі астық өндірісін шұғыл өркендету күресіне өздерінің барлық күш- мүмкіншіліктерін жұмылдыра отырып, быйыл бітік егін өсірді. Коллектив мүшелері егін жыйнауға және астық дайындауға барлық жағынан ұйымшылдықпен кірісті.

Егін оруда алғашқы күннен бастап 8 «Сталинец-6» және екі өздігінен жүретін комбайндар жұмыс істеп жүр. Комбайншылар әрбір жұмыс сағатын тиімді пайдаланып, еңбек өнімділігін күн санап арттыруда. Комбайн агрегаттарының жұмысы топтық әдіспен ұйымдастырылған. Мұның өзі комбайндарға техникалық күтімді кезінде жүргізуге, оларды жаңар май, сумен кезінде қамтамасыз етуге және комбайн агрегаттарына басшылықты күшейтуге мүмкіндік берді.

Бөлімшеде комбайндар мен тракторларға техникалық көмекті уақытылы көрсетіп отыруға жете көңіл бөлінген. Комбайншылар мен тракторшылар машиналарға қажетті бөлшектерді күнібұрын айтады. Ал, мастерской жұмысшылары ол бөлшектерді кезінде жасап береді.

Барлық комбайн агрегаттары таңертеңгі сағат 6-дан түнгі сағат 2-ге дейін жұмыс істейді. Машиналарға жанармай құю және олардың бөлшектерін майлау жұмыстары түнде ұйымдастырылады. Комбайншылар арасында еңбек өнімділігін арттыру жөнінде өзара социалистік жарыс кең өріс алған. Олар алған міндеттемелерін сөзсіз орындап шығу үшін аянбай еңбек етіп жүр. Комбайншылардың жарысында Павел Богинский жолдас алда келеді. Ол тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен күн сайын 40-50 гектар егін орып, 500-600 центнер астық бастырып жүр. Оның комбайндары егін орағы басталғалы техникалық жарамсыздықтан бірде- бір сағат тоқтаған емес. Егін оруда басқа да комбайншылар жақсы көрсеткіштерге не болуда.

Комбайншылардың қаржырлы еңбегі бөлімшеде астықтың көптеп бастырылуына және астық дайындау жұмысының ұйымдасқан түрде жүргізілуіне мүмкіндік беріп отыр. Бөлімше коллективі бастырылған астықты күнбе-күн тазартып және кептіріп, оны қабылдау пунктіне жөнелтеді. Осының нәтижесінде бөлімшеде астық дайындаудың бес күндік тапсырмасы үнемі артығымен орындалуда.

Коллектив мүшелері еңбек қарқынын өрістете отырып, егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарын жақын арада орындап шығады.

Т. ЖАҚСЫЛЫҚОВ.

Ұйымшылдықпен басталды

Қаладағы № 2 жетіжылдық мектеп (директоры Горлина жолдас) жаңа оқу жылын жақсы әзірлікпен бастады. Мектеп 12 мың сомның жөндеу жұмыстарын жүргізді. Мектепті жылытуға керекті отын, көмір толық тасып алынған. Мектеп жанындағы аулада спортшылар алаңы, география үйірмесінің алаңы жабдықталды. Мектепті жаңа оқу жылына әзірлеуге осы мектепті қамқорлыққа алған шағын двигательдер жасау заводының жұмысшылары көп көмек көрсетті. Олар жөндеу жұмыстарына керекті материалдарды тауып және барлық жұмыстарды өз күштерімен жүргізді. 1 сентябрь күні завод коллективі оқушыларға жақсы жабдықталған радио торабын тарту етті. Кәзір мектептің барлық кластары радиоландырылған.

Быйыл мектепте 740 оқушы оқыйды. Бірінші класқа 155 оқушы қабылданған. Оқытушылар құрамында 26 мұғалім бар. Олардың көпшілігі бірнеше жылғы педагогикалық тәжрибесі бар маман мұғалімдер. Мысалы, орыс тілі мен әдебиеттік оқудан сабақ беретін Мария Ивановна Гофман жолдас өз өмірінің 28 жылын оқытушылық қызметке жұмсады. Ол өзінің адал қызметі арқылы оқушылардың да, оқытушылардың да құрметіне бөленген.

қарсы алғандардың бірі—№ 1 жетіжылдық мектеп. (Директоры Горинова жолдас). Мұнда класс бөлмелері түгел жөнделіп, мектеп үшін жылытуға керекті отын толық тасылып алынды. Оқушылар түгел оқулықтармен қамтамасыз етілген. Жаңадан көптеген көрнекі құралдар сатып алынды. Ал, жетіспейтін көрнекті құралдармен тәжрибе жұмыстарына керекті аспаптардың бірсыпырасын оқушылардың өздері дайындады. Пионер, комсомол ұйымдарының жұмыс істеуі үшін арнаулы бөлме бөлініп, керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Мектептің редколлегиясы кәзірден бастап жұмыс істей бастады. Олар 1 сентябрь күні «Мектеп правдасы» газетінің алғашқы номерін шығарып, онда мектеп оқушыларын жаңа оқу жылында үлгілі тәртіпке, жақсы оқуға жетісуге шақырған мақалалар жариялады. Сол сыяқты, оқушылардың уақыттарын дұрыс пайдалануы туралы кеңестер айтылып, уақыт кестесі берілген.

Бұл мектептің екеуінде де оқу үш смена жүргізіледі. Мұның өзі оқудың бірінші күнінде- ақ өте көп жауапкершілік жүктейтіндігін көрсетті. Мектептердің оқытушылар коллективтері оқу-тәрбие

СЕЛО ФИЗКУЛЬТУРАШЫЛАРЫНЫҢ БҮКІЛҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮШІНШІ СПАРТАКИАДАСЫ

Алматыға бүкілқазақстандық село физкультурашыларының үшінші спартакиадасына қатысатын 800-ге жуық ұлдар мен қыздар келді. Ауыл- селолардың таңдаулы спортшылары жеңіл атлетикадан, жүзуден, велосипед жарысынан, волейбол, футбол, ГТО және «қазақша күрес» бойынша бірінші орын алу үшін жарысқа түседі.

Астанамыздың «Спартак» стадионында 29 август күні спартакиада салтанатты түрде ашылды. Күндізгі сағат 4-те қоғалды алаңға, Қазақстанның 12 облысының құрама спорт коллективтерінің колонналары шықты. Бұрынғы өткен екі спартакиадада жеңіп шыққан Жамбыл облысының спортшылары ауыспалы Қызыл туымен ең алдында келеді. Олардан кейін Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Семей, Павлодар, Ақмола және Ақтөбе облыстарының колонналары шықты.

«Смирна!» деп сақ еткен командадан кейін спортшылар сап түзен тұрды. Жарыстың бас төрешісі —Қазақ ССР Ауылшаруашылық министрінің орынбасары Н. Д. Забежанский парад қабылдады. Забежанский жолдас село спортшыларын құттықтап, олардың жарыста жаңа табыстарға жетулеріне тілек білдірді. Кәзір «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының заңды мүшесі болып республиканың 2600 колхозы есептеледі. 2480-нен астам ауылшаруашылық артелінде өздерінің спорт шеберліктерін арттыра түсетін, төменгі физкультурашылар коллективі құрылды. Бұлардың қатарында 110 мыңнан аса ұлдар мен қыздар есептеледі. Село жастарының еңбек өнімділігін арттыруға, олардың колхоз өндірісінде жаңа табыстарға жете берулеріне физкультура мен спорттың маңызы аса зор.

...Спартакиада жалауы көтерілді. «Колхозшы» қоғамының жеңіл атлеттері жарыстың бірінші күнінде жаңа рекордтар жасады. 100 метрге жүгірушілердің алдын- ала старты болды. Солтүстік қазақстандық Иванченко және Павлодарлық Нетета бұл қашықтықтан 11,9 секундте келді. Бұл қоғамның рекордынан 0,1 секундт ғана кем. Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Георгиев колхозаралық су электр станциясының электригі Похудко финишке 11,7 секундте жетті. Гурьев жеңіл атлеті Мусағалиевтің өткен жылғы спартакиадада жасаған рекордынан асып түсті. Ал, Похудко лақтырған ядро 11 метр 34 сантиметр жерге ұшып, қоғамның рекорд кестесіне екінші тұзету енгізілді. Өткен жылғы рекорд солтүстік қазақстандық Володинге жататын. Оның көрсеткіші 11 метр 28 сантиметр еді.

Жыйналған журтшылық гранат лақтырушылар жарысына қызыға қарады. «Колхозшы» қоғамының рекордын көрсейылған, оған дейінгі аралық 65 метр 15 сантиметр. Жарысқа қатысушылардың ішінде «Колхозшы» қоғамының рекордшысы Жамбыл облысының өкілі Батчаев бар. Алдын- ала жарыста ол сәтсіздікке ұшырады. Алғашқы екі лақтырғанын төреші ойынның техникалық тәртібін бұзғандығы үшін есепке алмады. Үшінші байқауында оның көрсеткіші 64 метр 62 сантиметрге жетті. Батчаев финалда гранатты 67 метр 30 сантиметрге лақтырып, өзінің бұрынғы рекордын 2 метр 15 сантиметр жақсартты.

Әйелдердің 400х300х200х100 метрге эстафеталық жарысы басталды. Стартта Қарағанды, Қызылорда, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының командалары. Бірінші 400 метрлікте шығыс қазақстандық Глухова алға шықты. Оның жерлестері Сыромахина, Записная, Мирхашимова келесі этаптарда да қарқындарын кемітпей өтті. Шығыс Қазақстанның командасы эстафетаны 2 минут 36,2 секундте —«Колхозшы» қоғамының бұрынғы рекордынан 3,4 секундт бұрын аяқтады.

Су бассейнінде жүзушілер жарысқа түсті. 100 метрлік қашықтықта еркін жүзу стилімен жүзіген әйелдер арасында Батыс Қазақстан облысының спортшысы Манышова озат көрсеткішке ие болды. Бұл қашықтықта ерлер арасында алматылық Чабаевский жеңіп шықты. Сондай-ақ 100 метрлік қашықтыққа шалқалап жүзу жарысы да болды. Бірінші орындарға: әйелдерден—Бекболатова (Қызылорда облысы), ерлерден— Жамбыл облысының өкілі Пфеффер ие болды.

Оңтүстік секторда волейболшылар кезесуі болды. Алдын-ала болған жарыстар нәтижесінде бірінші орын алуға жарысқа түсетін үш команда анықталды. Мұндай правоға Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облысының әйелдер волейболшылары және ерлер командасынан Семей, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарының командалары ие болды.

Бұдан бірнеше күн бұрын басталған төменгі топтардағы футболшылардың алдын -ала жарыстары да аяқталды. Жамбыл облысының командасы Қарағанды, Батыс Қазақстан және Қызылорда футболшыларын жеңіп, барлық кезесулерді жеңіспен аяқтады. Жамбылдықтармен қатар, бірінші орын алу жарысына Оңтүстік Қазақстан; Алматы облыстарының спротшылары түседі.

Спартакиаданың алғашқы күнінің соңында —«қазақша күрес» бойынша жарыс басталды.

Жалпыкомандалық есеп бойынша әзірше Жамбыл облысының спортшылары алда. Екінші орында Алматы облысы және үшінші орынға Оңтүстік Қазақстан облысының коллективтері шықты.

(ҚазТАГ).

Алматыға шетел тілшілерінің келуі

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Баспасөз бөлімінің жанында тұрақты тағайындалған шетел тілшілерінің бір тобы 31 августа Алматыға келді; оның құрамында мыналар бар: Ли Нань—Синьхуа агенттігі (Қытай), Б. Майтчак—Польшаның баспасөз агенттігі. А. Кымпяну—«Скынтейя» (Румыния), П. Прокоп—Чехословакияның телеграф агенттігі, Б. Вапцарова-Шивачева—Болгарияның телеграф агенттігі, Д. Боффа—«Унита» (Италия), Р. Бувье—«Юманите» (Франция), К. Стафф—«Ню даг» (Швеция), Р. Паркер—«Дейли уоркер» (Англия).

Шетел журналистері Қазақстанның астанасында бірнеше күн болады. (ҚазТАГ).

Румынияның ССРО-мен достық байланыс жасау қоғамы (АРЛУС) делегациясының Алматыға келуі

Бүгін Алматыға Румынияның Совет Одағымен достық байланыс жасау қоғамының (АРЛУС) делегациясы келді. Делегацияны АРЛУС-тың Бас Советі председателінің орынбасары Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты композитор Сокор Матей басқарады. Делегацияның құрамында Бухарестің политехникалық институтының ректоры Румын Халық Республикасының Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Констанин Динкулеску, Бухарестің ұлттық театрының артисткасы Танци Коча, агроном Михай Монолиу және басқалары.

Аэродромда қонақтарды Қазақстан астанасы журтшылығының өкілдері қарсы алды. Оларды Алматы еңбекшілерінің атынан шетелдермен мәдениет байланыс жасаудың Қазақ қоғамы басқармасының председателі Ж. Исмагулов құттықтады. Делегацияның басшысы Сокор Матей жауап сөз сөйледі.

Делегация Қазақстанда бірнеше күн болады.

Болгар—Совет достығының құрметіне

СОФИЯ, 30 август. (СОТА). Бұдан 77 жыл бұрын орыс әскерлерінің болгар жасақтарымен бірге Болгарияның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен Столетов атындағы биікте (Шипкада) кеше Болгар- совет достығы құрметіне көп адам қатынасқан митинг болды. Митингке Тырновский және Старозагорский округтерінің мыңдаған еңбекшілері жыйналды. Митингте бейбітшілікті қорғаудың Ұлттық комитеті председателінің орынбасары Г. Пиринский мен Совет елшілігінің кеңесшісі И. Я. Ефремов сөз сөйледі. Шипка үшін болған ұрыста қаза тапқандарға арналған ескерткіштің аяғына веноктар қойылды.

Халықтық Польшада еңбекшілерге қамқорлық

(СОТА). Халық-

Франциянық ұлттық жыйналысы „европалық қорғаныс бірлестігі“ туралы договорды қабылдамай қойды

ПАРИЖ, 30 август. (СОТА). Кеше кешке ұлттық жыйналыста «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды бекіту жөніндегі заң жобасы бойынша жалпы жарыссөздер басталды.

Жарыссөздің басталуы айтысты кейінге қалдыруға тырысқан «европалық армияны» жақтаушылардың сөз жоқ, жеңілгендігі болды. «Европалық армияны» жақтаушылар договордың талқылануын кейінге қалдыруды және «европалық қорғаныс бірлестігі» бойынша Францияның серіктестерімен келіссөздерді қайта бастауды ұсынатын қарарлар енгізді. Договорға қарсылар бұған жауап ретінде «алдын ала мәселе» енгізді, договорға қарсылардың атынан бұл мәселені жақтаушы депутат Омеран сөйледі. Ұлттық жыйналыстың «алдын ала мәселені» мақұлдауы «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договордың талқыланушын тоқтату сөйтіп, договорды бекітпей қою болар еді. Тәртіп ережелері бойынша, «алдын ала мәселе» бірнеше кезекте, ал олай болса айтыссөздерді кейінге қалдыру туралы «европалық армияны» жақтаушылар ұсынған қарардан бұрын талқыланады. Бұлар, өз позицияларының берік емес екендігін сезін, наразылық білдірді. Омеранның ұсынысын қабылдау «айтыс басталмай жатып-ақ оны тұншықтырып тастар еді» деп мәлімдеді.

Ұзақ келіссөздерден кейін үкметтің талап етуі бойынша жарыссөздерді кейінге қалдыру туралы қарарлардың авторлары, сол сыяқты Омеран да өздерінің ұсыныстарын уақытша алып тастады. Осы жағдайда ұлттық жыйналыс кеше кешке жалпы жарыссөздерге кірісті. Бірінші болып «әлеуметтік республикашы» Лебон (бұрынғы дегольшіл топ) сөйледі. Ол «европалық қорғаныс бірлестігін» құру туралы договорды қатты сынады. Лебон бұл договорды қабылдамай қойған жағдайда Франция оқшау қалады- мыс, ал Батыс Германия Францияға хабар етілместен қаруландырылады —мыс деген сөздерді батыл бекерге шығарды. «Бұл тұкке тұрғысыз дәлел, —деді ол. — Францияның келісімінсіз Германияны қаруландыруға болмайды. Оқшау қалдыруға келетін болсақ, мен бес ел бізге қарсы біріккен Брюссельдегі оқшау қалдырушылықтан асқан, түзетуге болмастай оқшау қалдырушылық болмайды деп ойлаймын». Лебонның пікірінше «европалық армияны» құру Шығыс пен онан әрі келіссөз жүргізуді мүмкін етпес еді және француз армиясының бөлшектенуіне, соғыс басталуына ұрындырар еді.

Бұдан кейін «европалық қорғаныс бірлестігін» мейлінше жақтаушылардың бірі, министрлер советінің бұрынғы председателі Рене Мейерге (радикал) сөз берілді. Ол парламент комиссияларының баяндамашыларының сөздерінде договордың қатты сыналуына қарсы ешқандай нанымды дәлелдер келтіре алмай, тек Батыс Германия қаруландыруды жақтаушылар- хауіп» туралы кейбір топтарда таратылып жүрген ертегілерді қайталап, договорды жақтап шықты. Солай бола тұрса да, Кост- Флорэ договордың өзі «мінсіз» емес, мен және менің саяси пікірлестерім договорды біраз «жақсартуға» келісер еді, деп мәлімделі.

Осымен мәжліс жабылды. Жарыссөздің жалғасы 30 августағы таңертеңгі мәжліске көшірілді.

ПАРИЖ, 30 август. (СОТА). Бүгін таңертең ұлттық жыйналыс мәжлісінің басталуы кезінде «европалық армияны» жақтаушылардың бірі «демократиялық және социалистік қарсыласу одағы» деген оңшыл партияның (ЮДСР) мүшесі Шюпэн жарыссөздерді кейінге қалдыруға және Франциямен бірге Париж договорына қол қойған елмен келіссөздерді қайта бастауға бағытталған қарарды тағы да енгізді. Сөнымен «алдын-ала» ұсыныстардың бәрін қайтып алу және айтысты бастау жөніндегі саяси партиялардың арасындағы келісімнің бұзылғандығы себепті, депутат Омеран «европалық армияға» қарсылардың атынан өзінің «алдын ала мәселесін» қайтадан енгізді. Таңертеңгі мәжліс кейінге қалдырылды.

Сыртқы істер жөніндегі комиссия, бұл жағдайды талқылау үшін жыйналып, 20 даусқа қарсы 24 даусыс көпшілікпен Омеранның «алдын ала мәселесін» даусыса қою жөніндегі ұсынысты қабылдады.

«Европалық қорғаныс бірлестігін» жақтаушылардың жаңа қулық- сұмдықтары, соның нәтижесінде жарыссөздің негізінен тоқтатылуы және «алдын ала» ұсыныстардың талқылана бастауы олардың қатарында орасан абыржушылық бар екендігін дәлелдейді. «Европалық қорғаныс бірлестігі» жөніндегі мәселенің парламентте екі күн талқылануы бұл договорды депутаттардың көпшілігі батыл түрде қабылдамай отырғандығын көрсетті.

Жергілікті уақыт бойынша сағат 15-те ұлттық жыйналыстың мәжлісі қайтадан басталғаннан кейін сөз сыртқы істер жөніндегі комиссияның председателі социалист Даниэль Мейерге берілді. Мейер «европалық армия» туралы договорды жақтаушылардың қулық- сұмдықтарының «дағдыдағыдан тысқары сыйпатын» атап көрсетті, олар үшін ең ақырғы мүмкіндік —айтыс сөзді кейінге қалдыру болды. Ол «европалық армияны» жақтаушылар бұл проблеманы дұрыс талқылауға кедергі жасап отыр деп айыптады және егер Шюпен өзінің ұсынысын қайтарып алса, Омеран да өз ұсынысын қайтып алады, деп мәлімдеді.

Даниэль Мейер европалық армияны жақтаушылардың қыймылдарын «лайықсыз» деп бағалады және ұлттық жыйналыстың бұдан былайғы кедергі бөгеттерінен безіп мейлінше айқындықпен пікір айтуын талап етті.

Бұдан соң министрлер советінің председателі Мендес-Франс сөз сөйледі. Ол [illegible] Омеранның «алдын ала мәселесі»

Алайда, алдын ала қарарлар алынып тасталмады. Бұл былай тұрсын, ұлттық жыйналыстың құрметті председателі Эдуард Эррио Омеранның ұсыныстарына өзінің көңіл қойып, бұл ұсынысты жақтап сөйлеу үшін сөз сұрады. (Эррио мінбеге шыға алмайтын болғандықтан отырған орнынан сөйледі). Ол былай деп мәлімдеді, бұл договорды қабылдамай тастауға, менің пікірімше, Англияның «европалық қорғаныс бірлестігіне» қатынасқысы келмей отырғандығының өзі-ақ, жеткілікті болар еді. Оның үстіне, деді ол, договордың Францияның суверенитетіне шек қоюшылығына көнуге болмайды. Комиссариат («европалық қорғаныс бірлестігінің» басшы органы) мүшелеріне өз елдерінен нұсқаулар алып отыруға тыйым салынатын және оларға «ұлттық жоғары тұрған» рухты басшылыққа алу үшін өз азаматтығын ұмытуды ұсынатын договордың 20- статьясын Эррио «ерсі және жауыздық» деп атады. «Сонда әлгі тексіз комиссарлар алып адамдар болып шыға ма, әлде жүрексіздер болып шыға ма? —деді Эррио. —Маған келетін болсақ, мен европалық қорғаныс бірлестігінің Францияның апатқа ұшырататындығын айтуға тиістімін». «Сондықтан бізді екі жарға бөліп отырған бұл маңызды мәселе жөнінде, —деді бұлан соң Эррио,—француз саясатының бұл іріндеген жарасының бетін ашып, жарыссөзді бірден аяқтаған жөн. Европалық қорғаныс бірлестігін емес, Европадағы даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу амалдарын іздестіру керек, топтасқан және Германиямен, сол сыяқты Россиямен жақындасуға негізделген өзге Европаны әзірлеу керек. Европалық қорғаныс бірлестігі авантюра болып шығар еді. Бұдан бастартыңдар!».

Эдуард Эррионың сөзін мәжліс залындағылар қолшапалақтап, бірнеше рет бөліп отырды. Ол сөйлеп болғаннан кейін сөз социалист Кристиан Пинюға берілді. «Европалық армияны» жақтаушылардың бірі бола отырып, Пино Эдуард Эррио қостаған генерал Омеранның ұсыныстарына қарсы шықты. Ол жарыссөздерді кейінге қалдыру, Францияны және «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорға басқа да қатынасушылардың арасында келіссөздерді қайта бастау туралы қарардың қабылдануын талап етті.

Бұдан кейін «алдын ала мәселе», яғнный генерал Омеранның ұсынысы даусқа қойылды. Бұл ұсыныстың мазмұны мынау: ұлттық жыйналыс «европалық қорғаныс бірлестігін» (Париж договорын), сол сыяқты Бонн договорын бекіту туралы мәселені онан әрі талқылаудан бастартады және мұны өзінің күн тәртібінен алып тастайды.

Берілген дауыстың есебін алу үшін үзіліс жарияланды. Мәжліс қайта басталғаннан соң Омеранның ұсынысын жақтап 319 адамның дауыс бергендігі, 264 даусыс қарсы болғандығы жарияланды. Сонымен бұл ұсыныс қабылданды.

Бұл даусыс беру арқылы ұлттық жый-

Футболшылар жарысы

Жақын арада қалалық физкультура және спорт бөлімінің футбол ойынында жеңіп шыққан командаға берілетін жүлдесін алу үшін үш кездесу болды.

Теміржолшылар стадионында футбол ойынынан қала бойынша алда келе жатқан «Энергия» командасының футболшылары «Пищевик» командасымен кездесті. Бұл ойынды көруге көптеген қала халқы жыйналды. Бірақ, көрушілер бұл жолы футболшылардың ойындарына қанағаттанбады. Бұл екі команданың да ойыншылары жиі-жиі ойын ережесін бұзып, соқтығысу тағы басқа қолайсыз жағдайларды жиі кездестіріп отырды. Соның нәтижесінде «Энергия» командасынан екі ойыншы, ал, «Пищевик» командасынан бір ойыншы ойын алаңынан шығарылды.

Көп уақыт өтпей-ақ, «Энергия» командасының қақпасына 11 метрлік екі рет айып ретінде доп ұрылды. Пищевиктіктер бұдан кейін де қарсы жақтың қақпасына қатарынан үш доп өткізуге мүмкіндік алды. Сөйтіп, өз қақпаларына бірде-бір доп өткізбей, 5:0 есебімен ірі жеңіске ие болды.

«Динамо» стадионында алаң иелері «Локомотив» командасымен кездесті. Бұл кездесуде «Динамо» ерікті спорт қоғамы футболшыларының футбол командасының басты ойыншылары кездесуге қатыспады. Солай бола тұрса да, олар ойынды күшті шиеленіскен түрде өткізді.

Ойынның 15-ші минутында теміржолшылар алаң иелерінің қақпасына бір доп өткізіп, есеп ашты. Бұдан кейін қарсы шабуылға шыққан динамошылар ешбір нәтиже шығара алмады. Ойынның екінші жартысында да екі команданың қайсысы басым ойнайтынын бақылау қыйын болды. Тек соңғы минуттарда «Динамо» футболшыларының қақпасына 11 метр жерден айып ретінде доп ұрылып, қонақтар өз жағдайларын жақсарта түсті, ойынның аяғына дейін 2:0 есебі өзгерместен қалып, кездесу локомотивтіктердің пайдасына шешілді.

«Энергия» стадионында жартылай финал ойынына алаң иелері мен екінші категориядағы қала чемпионы «Спартак» командасы кездесті.

«Спартак» командасының жас футболшылары бұл кездесуде өз мүмкіншіліктерінен әлде қайда төмен ойнады. Олардың қорғаушыларының ойында жіберген қателерін орынды пайдаланып, ойынның екінші минутында «Энергия» командасының футболшылары есеп ашты. Ойынның бірінші жартысында «Спартак» командасының орталық шабуылшысы Березкин алаң иелерінің қақпасына бір доп өткізіп, есепті теңеді.

Ойынның екінші жартысында да инициатива «Энергия» командасының футболшылары жағында болды. Олар жиі-жиі шабуылға шығып, қарсы жақтың қақпасына хауіп тудырып отырды.

Ойын 3:1 есебімен «Энергия» командасының жеңіске жетуімен аяқталды.

Ж. МҰҚАНОВ.

СОТ ЗАЛЫНАН

Тонаушылар қатаң жазаға тартылды

1953 жылдың 27 марттағы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша түтқыннан босатылған Мария Маткина адал еңбек етіп, қоғамға пайдасын тигізудің орнына, бұрын әр-түрлі қылмысты істерімен тұтқында болып, тек кешірім беру указы бойынша босаған Константин Пономарев, Владимир Тютюнин, Николай Фиферов, Семен Измайловтармен бірлесіп, кісі тонау, ұрлық-қарлық, жауыздық жасау жолына түскен. Бұл жауыздар тонаған заттары мен тапқан ақшаларын арақпен салып, М. Маткинаның үйінде тойлап отыратын болған.

Осы жылғы 3 май күні М. Маткина тонауға ыңғайлы кісі кездесер ме екен деген оймен Петропавл станциясындағы бір киоскеге келеді. Бұл кезде Макушино станциясындағы электр станциясының бастығы Николай Иванович Медынин, жұмысшы қызметкерлердің айлық еңбегін алып, осы киоскеге келіп кіреді. Ол кірген бетте 300 грамм ақ арақ ішіп, енді көңілі зерігіп, жеңіл мінезді әйел кездестірсем екен деген ойда болды. Бұл өзгерісті М. Маткина орынды пайдаланады. Ол, кездескен Медынинмен тез танысып, оны арақпен сыйлап та үлгереді. Көп уақыт өтпей-ақ, Медынинның көп ақша алып шыққанын да біліп алады.

Енді бір азырақ уақыттан кейін қыза бастаған Медынинды М. Маткина үйіне алып қайту жағдайын қарастырды. Ол бұл жағдайды өзінің жолдасы К. Пономаревке жансыз ескертеді. Бұлар үйге жетер жетпесте арттарынан В. Тютюнин, С. Измайлов, және Н. Фиферов та келіп үлгереді.

Бұл үйде де арақ ішу бұрынғысынан қыза түсті. Арақтың қызуына түсіп, есінен айырылған Медынин тізелесе отырған М. Маткинамен ұзақ әңгімеге кіріседі. Бұл уақытта жауыздар Медынинің бар ақшасын тонап алып та үлгереді. Содан кейін оны үйден шығарып салады.

Бұл қылмыстылардың ісі Петропавл қаласындағы, 4- участкелік халық сотында қаралып, 1947 жылғы 4 июньдегі Указ бойынша М. Маткина, К. Пономарев, В. Тютюнин, Н. Фиферов, С. Измайловтың мал-мүлкін конфискациялап, оларды бас еркінен айырып, ұзақ мерзімге еңбек түзеу лагерінде ұстауға үкім етті. Ал, Н. Медынинді шартты түрде екі жыл бас еркінен айыруға үкім шығарыды.

К. ПАК,
Қалалық прокурор, 1 класс юрисі.

ВАРШАВА, 30 августа. (СОТА). Польшаның денсаулық орындарында курорттық маусым қызу түрде жүріп жатыр. Елдің ең әсем аудандарында —Тахр тауының етегінде және Балтық жағалауында, Мазур өзендерінің жағасында және төменгі Силезия ормандарына орналасқан санаторийлер мен демалыс үйлерінде он мыңдаған еңбекшілер дем алуда. Үстіміздегі жылы Польшаның тек кәсіпшілер одағы денсаулық орындарының өзінде ғана 270 мыңға тарта адам дем алды .

Елде демалыс үйлері мен санаторийлер қатары үнемі көбейе түсуде. Польшаның кәсіпшілер одағында көзіргі уақытта 1300-ден аса демалыс үйлері бар. Биыылғы жылы көптеген жаңа денсаулық орындары ашылды.

Халықтық Польшада балалардың дем алуы үшін де зор қамқорлық жасалып отыр. Биыылғы жылы пионер лагерлері мен денсаулық алаңдарында еңбекшілердің 700 мыңға жуық балалары дем алды.

тық Польшаның денсаулық орындарының ... дың келтірген дәлелдерін қайталаудан ... ғана болды.

Рене Мейер АҚШ-тың позициясы туралы еске салып, депутаттарға ықпал жасауға тырысты. «Европалық қорғаныс бірлестігінен» біздің бастартуымыз одақтастардың позициясына қандай әсер ететіндігін ұлттық жыйналыс ойлап көрсін...» деді ол.

Бұдан кейін сөйлеген депутат Кост—Флорэ да («Халықтық республикалық қозғалыстың» —МРП-ның мүшесі) «советтік ... жөнінде дауыс беруге қатысқанды... кені Париж договорының көзіргі түрімен ұкметтің өз беделін байланыстырғысы келмейді, өйткені бұл договор парламент ішінде және ел ішінде алауыздық туғызады деп мәлімдеді. Үкметтің Шюпеннің қарарын қолдауға әзір екенін сездіріп, Мендес-Франс екі ұсыныстың да— Омеран мен Шюпеннің ұсыныстары алынып тасталып, жарыссөздің жүргізіле беруін артық көрген болар едім, деп мәлімдеді.

...налыс «европалық қорғаныс ... мен «европалық армия» құру туралы Париж договорын іс жүзінде бекітпей тастады.

Сонымен бұл мәселе жөніндегі жарыссөздер тоқтатылды. Ұлттық жыйналыстың мәжлісінде үзіліс жасалды. Жыйналыс өзінің күн тәртібінің кезекті пунктін талқылауға кірісуі тиіс.

ВЕНГЕР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУЫ

БУДАПЕШТ, 29 август .(СОТА). Венгрияның жеңіл және жергілікті өнеркәсібінің мыңдаған жұмысшылары мен инженер- техник қызметкерлері мамандықтарын арттыруға арналған әртүрлі курстер мен мектептерде оқып жүр. Елді азат еткеннен кейін көпшілік тұтынатын товарлар шығаратын тоқыма, аяқ-киім және басқа да өндіріс салаларында жұмыс істейтін маман кадрларді дайындауға арналған көптеген техникумдар ашылды.

Биыылғы жылы жергілікті өнержәсіп үшін тоқыма еңбек резервіне маман кадрлар дайындау басталды. Алдымыздағы оқу жылында жергілікті өнержәсіп қолөнер училищесінде барлығы 7 мың адам оқыйтын болады. Бұл — өткен жылмен салыстырғанда 2,5 мың адам артық.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ССРО-ны ӨРКЕНДЕТУДІҢ БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ
1954 ЖЫЛҒЫ 30 СЕНТЯБРЬДЕ, МОСКВА ҚАЛАСЫНДА

Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының 41—негізгі, 7 қосымша тиражы өткізіледі.

Тиражда заемның 6 разрядына мына мөлшерде ұтыстар шығады:

негізгі ұтыс мөлшері	тиражда	қосымша ұтыс мөлшері	тиражда
50.000 сомдық	12 ұтыс	100.000 сомдық	6 ұтыс
25.000 сомдық	30 ұтыс	50.000 сомдық	30 ұтыс
10.000 сомдық	150 ұтыс	25.000 сомдық	150 ұтыс
5.000 сомдық	480 ұтыс	10.000 сомдық	480 ұтыс
1.000 сомдық	4200 ұтыс	5.000 сомдық	4800 ұтыс
400 сомдық	46128 ұтыс	1.000 сомдық	13800 ұтыс
		400 сомдық	49734 ұтыс

Негізгі тиражда барлығы 27901200 сомдық 51000 ұтыс
Қосымша тиражда барлығы 68343600 сомдық 69 мың ұтыс

ЗАЕМ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ БАРЛЫҚ ЖЫЙНАҚ КАССАЛАРЫНДА ЕРКІН САТЫЛАДЫ ЖӘНЕ САТЫП АЛЫНАДЫ

Облигациялар мына бағалармен сатылады:

200 сомдық облигациялардың тұрар бағасы	100 сомдық облигациялардың тұрар бағасы
сентябрьдің 1-нен 15-не дейін 204 сом	102 сом.
сентябрьдің 16-нан 29-на дейін 205 сом	102 сом 50 тыйын.

МЕМЛЕКЕТТІК 3 ПРОЦЕНТТІК ІШКІ ҰТЫС ЗАЕМЫНЫҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛЫҢЫЗДАР!

Жыйнақ кассаларының басқармасы.

МАШИНА- ЖОЛ СТАНЦИЯСЫНА:

а) Мамлют -Преснов жол құрылысына —тракторшылар, бульдозершілер, скрепершілер, мотаристер, мотор күші мен жер тегістеушілер, грейдер жолын түзеушілер; трактор, автомашина жөндеуге слесарлар, токарьлар, жонушылар және басқа да жұмысшылар, жүк тиеушілер КЕРЕК.

б) Өнеркәсіп және тұрғын үй құрылысына:

Балташылар, штукатуршылар, тасшы-пешшілер, бояушы-шыныншылар. Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.

в) Машина- жол станциясының басқармасына:

секретарь- машинистка. Еңбекақы штаттық расписания бойынша төленеді.

Мына адреске келіп жолығуға болады: машина -жол станциясы (орталық жылыту электр станциясы ауданында), телефон № 4-34.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ТАУ КӨЛІНІҢ ҚҰПЫЯСЫ»
Сеанстар сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ЖАРЫҚ ЖОЛ»
Сеанстар 2-30, 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

ССРО Халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің мемлекеттік екінші ұтыс заемы 14-ұтыс тиражының ресми ТАБЛИЦАСЫ

Ұтыс тиражы 1954 жылғы 22 августа Ленинабад қаласында өткізілді.

Заемның разрядындағы сериялар мен облигациялардың мына номерлеріне ұтыстар шықты:

Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен
020105	46*	1.000	024865	43*)	1.000	030030	03*)	1.000	034792	1—50	500
020165	19*)	1.000	024870	33*)	1.000	030152	11*)	1.000	034939	17*)	1.000
020205	42*)	1.000	024973	1—50	200	030243	17*)	1.000	034992	32*)	1.000
020252	1—50	200	025082	08*)	1.000	030253	04*)	1.000	035130	49*)	1.000
020356	13*)	5.000	025253	50*)	1.000	030356	01*)	10.000	035604	34*)	1.000
020553	40*)	1.000	025900	47*)	1.000	030432	27*)	1.000	035701	11*)	10.000
020568	1—50	200	025960	44*)	1.000	030448	43*)	1.000	035738	02*)	5.000
020637	1—50	500	026380	1—50	200	030467	21*)	1.000	035828	1—50	500
020757	1—50	500	026479	18*)	1.000	030616	13*)	1.000	035891	02*)	5.000
020977	1—50	200	026948	27*)	1.000	030650	07*)	1.000	035921	22*)	5.000
021025	43*)	1.000	027022	1—50	500	030752	1—50	500	036435	46*)	1.000
021037	14*)	1.000	027036	33*)	1.000	030823	26—50	200	036630	50*)	5.000
021135	06*)	1.000	027038	28*)	1.000	030918	06*)	1.000	036718	1—50	200
021170	01*)	1.000	027044	48*)	1.000	030923	43*)	1.000	036732	24*)	1.000
021420	40*)	1.000	027094	1—50	500	030986	29*)	1.000	037237	46*)	1.000
021449	41*)	1.000	027143	42*)	1.000	031061	1—50	200	037371	1—50	200
021518	40*)	1.000	027313	06*)	1.000	031150	22*)	1.000	037490	1—50	200
021618	25*)	1.000	027372	1—50	200	031215	04*)	1.000	037491	45*)	10.000
021798	1—50	200	027709	06*)	1.000	031481	1—50	200	037501	1—50	500
021875	31*)	1.000	027853	1—50	200	031519	24*)	1.000	037576	31*)	1.000
021955	46*)	10.000	027938	38*)	1.000	031523	1—50	500	037618	41*)	1.000
022047	23*)	10.000	027951	1—50	200	031560	11*)	5.000	037898	41*)	1.000
022053	26*)	1.000	028005	1—50	200	031699	28*)	1.000	037968	19*)	1.000
022080	45*)	1.000	028028	05*)	1.000	031707	35*)	1.000	038228	1—50	200
022240	48*)	1.000	028128	28*)	1.000	032378	35*)	1.000	038280	28*)	5.000
022323	1—50	200	028261	1—50	500	032818	1—50	500	038517	37*)	1.000
022581	44*)	1.000	028368	42*)	1.000	032820	1—50	500	038563	15*)	1.000
022594	1—50	200	028375	1—50	200	032828	02*)	1.000	038581	1—50	200
022982	14*)	1.000	028378	02*)	1.000	032963	06*)	1.000	038603	24*)	25.000
022992	15*)	1.000	028449	1—50	200	033068	1—50	500	038689	20*)	1.000
022995	13*)	1.000	028462	36*)	25.000	033101	42*)	1.000	038917	02*)	1.000
023211	45*)	50.000	028786	1—50	200	033191	1—50	200	038942	14*)	1.000
023489	1—50	200	029032	40*)	5.000	033244	11*)	1.000	039012	1—50	500
023730	01*)	1.000	029078	28*)	1.000	033275	24*)	1.000	039159	46*)	1.000
023988	1—50	200	029117	13*)	1.000	033698	1—50	200	039235	1—50	500
024147	45*)	1.000	029244	26*)	1.000	033907	38*)	1.000	039379	40*)	1.000
024306	19*)	1.000	029367	1—50	200	033934	45*)	1.000	039443	15*)	1.000
024397	32*)	1.000	029512	48*)	5.000	034015	1—50	200	039857	1—50	500
024443	24*)	1.000	029613	47*)	1.000	034091	25*)	1.000	039873	50*)	1.000
024572	06*)	1.000	029712	33*)	1.000	034286	12*)	1.000	039898	26*)	1.000
024709	1—50	500	029835	1—50	500	034490	34*)	5.000	039917	1—50	200
024790	1—50	500	029983	42*)	1.000	034676	06*)	1.000	039935	1—50	500

*) Осы сериядағы облигациялардың 49 номеріне 200 сомнан ұтыс шықты.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдеңнет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

ССРО Мәдеңнет министрлігі басма және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.